
Если рассмотреть «возможности смотреть онлайн трансляцию», то число предпочитающих смотреть новости в таком формате составило более высокий процент. Соответственно цифре 5, желающих смотреть в формате онлайн трансляции – 33,88%, цифре 1, не желающих – 11,72%.

Эти два показателя свидетельствуют, что в Центральной Азии несмотря на существующие мнения, что это отсталый регион в плане цифровизации, что жители его не успевают за современным инновационным прогрессом, полученные данные показывают, что третья часть опрошенных в курсе новшеств в области информационных технологий и в будущем эта аудитория потенциально станет хорошей основой для внедрения в СМИ информации и коммуникации на оригинальных технологических носителях.

### Выводы

Из всего сказанного можно сделать выводы – цифровая иммерсивная журналистика как перспективный вид отрасли требует более широкого теоретического изучения. Проведенные нами исследования подтверждают необходимость дальнейшего глубокого анализа

мирового опыта на примерах не только крупных медиаорганизаций, но и индивидуальных журналистов, использующих новые подходы в сборе и распространении информации посредством цифровых медиа. Поскольку иммерсивная журналистика – это инструмент глубокого погружения зрителя в событие с применением технологий виртуальной и дополненной реальности (VR/AR), а ученые уже давно согласились с тем фактом, что виртуальная реальность становится неотъемлемой частью повседневной жизни человека и общества, она требует серьезного исследования в части воздействия на человеческую психику. Так, к примеру, один из экспериментов с дополненной реальностью показал, что человек не сразу выходит из воздействия AR, на это требуется определенное время. Отсюда возникает актуальность соблюдения этических норм и правил для журналистов, обращающихся к иммерсивным технологиям. Кроме того, важным, по мнению авторов, является внедрение медиапродукта иммерсивной журналистики в профессиональную журналистскую среду, что придаст импульс творческому мышлению практикующих отечественных журналистов. Для этого есть все предпосылки. Поскольку проведенный в рамках исследования социологический опрос показывает, что пользователи стран Центральной Азии и Казахстана имеют представление об иммерсивной журналистике и готовы получать контент, подготовленный с использованием подобных технологий, в том числе снятых на камеру в 360 градусов. Здесь стоит отметить, что очки виртуальной реальности или смартфоны, без которых в настоящее время невозможно «погрузиться» в событие, со временем будут заменены цифровыми линзами, что сделает продукт иммерсивной журналистики более доступным и интересным для пользователей.

## Литература

- Беленкова Т.В. (2018) Современный этап существования иммерсивной журналистики и перспективы ее развития. Век информации. Изд. Институт «Высшая школа журналистики и массовых коммуникаций», Санкт-Петербург. 2, 136-138.
- Бейненсон В.А. (2018) Проблемы развития форматов журналистики погружения в современной медиасреде. Век информации. Изд. Институт «Высшая школа журналистики и массовых коммуникаций», Санкт-Петербург. 1, 239-240.
- Бодров А.А. (2007) Виртуальная реальность как когнитивный и социокультурный феномен. Диссертация ... д-ра филос. наук: 09.00.01 / Чуваш. гос. ун-т им. И.Н. Ульянова. Самара, 2007.
- Влагов Ю.В. (2017) Особенности иммерсивной журналистики. Модернизация культуры: От человека традиции к креативному субъекту: Материалы V международной научно-практической конференции в 2-х частях. Самара, 29-30 мая 2017 г. Под редакцией С.В. Соловьевой, В.И. Ионесова, Л.М. Артамоновой. Изд. «Самарский государственный институт культуры», Самара, 151-153.
- Григорьев М. (2017) Будущее в формате 360°. Телеспутник, 4 (258). 60-62.
- Грязнова Е. В. (2006) Виртуально-информационная реальность в системе «Человек – Универсум»: дис. д-ра филос. наук: 09.00.08 Нижний Новгород. 372.
- Ибраева Г.Ж. (2017) Иммерсивная журналистика как новая цифровая платформа медиа коммуникации. Вестник КазНУ, серия Журналистика, 3 (45), 4-15.
- Качкаева А. Г. (2017) Мультимедийная журналистика. Коллектив авторов. «Высшая Школа Экономики (ВШЭ)». 90.
- Маслов В. М. (2010) К проблеме общей теории виртуальной реальности. Вестник Вятского государственного университета, 1, 15-20.
- Gschwendtner Julia, Bakk. Phil. (2017) Mit den Augeneines Anderen – Virtual Reality im Journalismus. Vienna.

## Электронные ресурсы:

- Бевза Д. (2018) Принесите очки: кому нужна виртуальная реальность. Режим доступа: [https://www.gazeta.ru/tech/2018/01/05/11551496/vr\\_and\\_ar\\_trending.shtml](https://www.gazeta.ru/tech/2018/01/05/11551496/vr_and_ar_trending.shtml).
- Гурман Бхатия, (2019) Виртуальная реальность в новостях становится реальной для многих редакций, - Режим доступа: <http://bestapp.menu/virtualnaya-realnost-v-zhurnalistike-takimi-novosti-vy-eshhe-ne-videli/>.
- Добровидова О. (2019) Этический реалити-чек для журналистской виртуальной реальности - Режим доступа: <https://themedia.center/2015/09/04/eticheskij-realiti-chek-dlya-zhurnalistiki-virtualnoy-realnosti/>.
- Замков А.В. (2017) О виртуальном расширении медиареальности. Медиаскоп. 3. Режим доступа: <http://www.mediascope.ru/2351>.
- Климкина С. (2017) Виртуальная реальность в digital медиа. Режим доступа: <https://vimeo.com/224059514>
- Нонни де ля Пенья. (2015) Будущее новостей? Виртуальная реальность. TED Talk. Режим доступа: [https://www.ted.com/talks/nonny\\_de\\_la\\_pena\\_the\\_future\\_of\\_news\\_virtual\\_reality](https://www.ted.com/talks/nonny_de_la_pena_the_future_of_news_virtual_reality).
- Newreporter. (2016) Тренды мировой прессы 2016 года. Режим доступа: <https://newreporter.org/2016/06/14/trendy-mirovoj-pressy-2016-goda/>.
- World Press Trends. (2016) Режим доступа: <https://www.wan-ifra.org/microsites/wan-ifra-reports>.

## References

- Belenkova T.V. (2018) Sovremennyyetapsushchestvovaniyaiimmersivnoyzhurnalistikiiperspektivyeyerazvitiya[The current stage of the existence of immersive journalism and the prospects for its development]. Vekinformatsii. Izd. Institut «Vysshayashkolazhurnalistikiimassovykhkommunikatsiy», Sankt-Peterburg. 2, 136-138.
- Beynenson V.A. (2018) Problemyrazvitiyaformatovzhurnalistikipogruzheniya v sovremennoymediasrede [Problems of the development of immersion journalism formats in a modern media environment]. Vekinformatsii. Izd. Institut «Vysshayashkolazhurnalistikiimassovykhkommunikatsiy», Sankt-Peterburg. 1, 239-240.
- Bodrov A.A. (2007) Virtual'nayareal'nost' kakkognitivnyisotsiokul'turnyyfenomen[Virtual reality as a cognitive and sociocultural phenomenon]. Dissertatsiya ... d-ra fil. nauk: 09.00.01 / Chuvash. gos. un-t im. I.N. Ul'yanova. Samara, 2007.
- Vlagov YU.V. (2017) Osobennostiimmersivnoyzhurnalistiki. Modernizatsiyakul'tury: Otchelovekatraditsii k kreativnomusub'yektu[Features of immersive journalism. Modernization of culture: From the person of tradition to the creative subject]. Materialy V mezhdunarodnoynauchno-prakticheskoykonferentsii v 2-kh chastyakh. Samara, 29-30 maya 2017 g. Pod redaktsiyey S.V. Solov'yeyov, V.I. Ionesova, L.M. Artamonovoy. Izd. «SamskiygosudarstvennyyInstitutkul'tury», Samara, 151-153.
- Grigor'yev M. (2017) Budushcheye v formate 360° [The future in 360 ° format]. Telesputnik, 4 (258). 60-62.
- Gryaznova Ye. V. (2006) Virtual'no-informatsionnayaareal'nost' v sisteme «Chelovek – Universum» [Virtual informational reality in the system "Man - Universe"]: dis. d-ra fil. nauk: 09.00.08 Nizhniy Novgorod. 372.
- Ibrayeva G.ZH. (2017) Immersivnayazhurnalistikakaknovayatsifrovayaplatforma media kommunikatsii[Immersive journalism as a new digital media communication platform]. VestnikKazNU, seriyaZhurnalistika, 3 (45), 4-15.
- Kachkayeva A. G. (2017) Mul'timediynayazhurnalistika[Multimedia journalism]. Kollektivavtorov. «VysshayaShkolaEkonomiki (VSHÉ)». 90.

Maslov V. M. (2010) K probleme obshchey teorii virtual'noy real'nosti [On the problem of the general theory of virtual reality]. *Vestnik Vyatskogo gosudarstvennogo universiteta*, 1, 15-20.

Gschwendtner Julia, Bakk. Phil. (2017) *Mit den Augen eines Anderen – Virtual Reality im Journalismus*. Vienna.

**Electronic resources:**

Bevza. D (2018) *Prinesite ochki: komuniziruyte virtual'noy real'nost'* [Bring glasses: who needs a virtual reality]. *Rezhim dostupa*: [https://www.gazeta.ru/tech/2018/01/05/11551496/vr\\_and\\_ar\\_trending.shtml](https://www.gazeta.ru/tech/2018/01/05/11551496/vr_and_ar_trending.shtml).

Gurman Bkhatiya, (2019) *Virtual'noy real'nost' v novostyakh stanovitsya real'noy dlya mnogikh redaktsiy* [Virtual reality in the news becomes real for many editions]. *Rezhim dostupa*: <http://bestapp.menu/virtualnaya-realnost-v-zhurnalistike-takimi-novosti-vy-eshhe-ne-videli/>.

Dobrovidova O. (2019) *Eticheskiy realiti-check dlya zhurnalistov virtual'noy real'nosti* [Ethical reality check for journalistic virtual reality]. *Rezhim dostupa*: <https://themediacenter.com/2015/09/04/eticheskiy-realiti-check-dlya-zhurnalistiki-virtualnoy-realnosti/>.

Zamkov A.V. (2017) *O virtual'nom rasshireniy medii real'nosti* [About virtual expansion of media reality]. *Mediascope*. 3. *Rezhim dostupa*: <http://www.mediascope.ru/2351>.

Klimkina S. (2017) *Virtual'noy real'nost' v digital media* [Virtual reality in digital media]. *Rezhim dostupa*: <https://vimeo.com/224059514>.

Nonni de la Pena. (2015) *Budushcheyenostey? Virtual'noy real'nost'* [The future of news? Virtual reality]. TED Talk. *Rezhim dostupa*: [https://www.ted.com/talks/nonny\\_de\\_la\\_pena\\_the\\_future\\_of\\_news\\_virtual\\_reality](https://www.ted.com/talks/nonny_de_la_pena_the_future_of_news_virtual_reality).

New reporter. (2016) *Trendy mirovoy pressy 2016 goda* [World Press Trends 2016]. *Rezhim dostupa*: <https://newreporter.org/2016/06/14/trendy-mirovoj-pressy-2016-goda/>.

World Press Trends. (2016) *Rezhim dostupa*: <https://www.wan-ifa.org/microsites/wan-ifa-reports>.

**Мұқатаева Қ.<sup>1</sup>, Мергенбаева Қ.<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>доцент, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.,  
e-mail: tantal.km@mail.ru

<sup>2</sup>аға оқытушы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.,  
e-mail: karli78@mail.ru

**ЗАМАНАУИ КІТАП ШЫҒАРУ МЕН ҚАРЖЫЛАНДЫРУДЫҢ  
ЖАҢА МОДЕЛЬДЕРІ**

Баспа ісі дамыған сайын күн тәртібінен түспей келе жатқан мәселе – кітаптың оқылуы, зерттелуі, таралуымен бірге, кітап шығарудың жаңа модельдерін дамыту жолдарын ойластыру. Кітап нарығына шолу, қазақстандықтардың ақпараттық қажеттіліктерін зерттеу мәселесі де бүгінгі күннің талабы.

Мақаланың мақсаты – кітап шығару саласы мен оны қаржыландыруды жетілдіру тәсілдерді жүйелеп талдауға арналған.

Зерттеу жұмысының ғылыми және практикалық құндылығына кітап басу саласының түрі, баспа саласын ұйымдастыру жолдарын қарастырылуында. Республика баспа саласын мемлекеттік қолдау жолдары, «Мәдени мұра», «Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару» бағдарламалары туралы, кітап басылымдарының ассортиментіне әсер ететін жағдайлар туралы ой жинақталады. Кітап ісін жетілдіруде нормативтік-құқықтық базаны жетілдіру, қаржыландыру жолдарын ойластыру баспа ісін дамытуға бастай алады деген тұжырым жасайды.

Тақырыпты талдау үшін сипаттау, бақылау және салыстыру сияқты эмпирикалық тәсілдермен қатар, шетелдік ғалымдардың еңбектеріндегі аксиомаларға сүйенген теориялық әдістер қолданылды.

Ғылыми мақаланың басты нәтижесі бүгінгі күнде қай мемлекет болсын кітап басу саласын қаржыландыруға зәру екенін дәлелдеу. Мақалада қорытылған тұжырымдама осы салада әлемдік тәжірибедегі жаңалықтар, тығырықтан шығу жолдары қарастырылған. Баспа саласы бәсекеге қабылетті болу үшін қоғамның да белсенділігінің жоғары болуы, бүгінгі күні маңызды екенін дұрыс ажыратып, анықтауға көңіл бөлінген.

Мақаланың құндылығы – қоғамда жариялылық, демократиялық принциптер ірге тепкеннен кейін республиканың экономика, ғылым, мәдениет, халық шаруашылығы салаларындағыдай баспа органдары мен кәсіпорындарында да бұрын болмаған мүлдем жаңа қызмет кезеңі басталғандығының сарапталуында.

Жоғары мемлекеттік органдардың баспа қызметін демократияландыру туралы, баспалардың, баспаханалардың құқын кеңейту, өздігімен жұмыс істеу, өзін-өзі қаржыландыруға өту туралы шешімдерінің жүзеге асырылуын талдауға бағытталған. Қазақстандағы саяси, әлеуметтік және өмірдің басқа жақтарындағы өзгерістер баспадан шығатын кітап өнімдерінің тақырыбына, мазмұнына, көлеміне және сапасына әсер ететіні талданған.

**Түйін сөздер:** кітап ісі, қаржыландыру, мәдени мұра, краудфандинг, Kickstarter, Unbound, Pubslush, Pentian, баспалар, мемлекеттік бағдарламалар.

Mukataeva K.<sup>1</sup>, Mergenbayeva K.<sup>2</sup>

<sup>1</sup>associate Professor of the Department of publishing, editorial and design art of the faculty of journalism, al-Farabi Kazakh national University, Kazakhstan, Almaty,  
e-mail: tantal.km@mail.ru,

<sup>2</sup>senior lecturer, Department of publishing, editorial and design art, faculty of journalism, al-Farabi Kazakh national University, Kazakhstan, Almaty, e-mail: karli78@mail.ru

**New models of book publishing and financing**

With the development of the book industry, such important topics as the readability of the book, its study, distribution, creation and development of new methods for publishing books require study-



ing. Thus, the topic of the study of the book market, as well as the information needs of Kazakhstan is relevant today.

The purpose of the article is to analyze the book publishing industry and systematize methods for improving its financing.

The scientific and practical value of the research is to consider the types of publishing industry and methods of organizing the book industry. Public support provided to the book business through programs such as "Cultural Heritage" and "Publication of socially significant literature" directly affects the range of book products. According to the author, compliance with the regulatory framework and sponsorship of the publishing industry is an important factor in improving the entire book industry.

Along with empirical methods as a description, control and comparison, theoretical methods based on axioms in the works of foreign scientists were used for the subject analysis.

The main result of a scientific article is to show the importance of sponsoring the book publishing industry for all countries of the world. The article summarizes the global experience in this field and ways to overcome difficulties. The emphasis is on the active participation and interest of the society in making the publishing industry competitive.

The value of the article is to consider a completely new period of activity in such areas as economy, science, culture, national economy, as well as in the fields of publishing and entrepreneurship, which appeared after the establishment of public and democratic principles. Analyzed the implementation of the decisions of the highest state bodies on the democratization of publishing, the empowerment of publishing houses and printing houses, self-employment and self-financing. The impact of changes in political, social and other aspects of life in Kazakhstan on the topic, content, volume and quality of manufactured books is considered.

In the framework of this study, the author studied ways to increase the work of existing publishing houses by adopting large programs by the state and by implementing a tender. According to these programs, despite the fact. The programs that are developed by the state to improve the book business are "Publication of socially significant literature" and "State program for the development and functioning of languages for 2011-2020".

**Key words:** book business, financing, cultural heritage, crowdfunding, Kickstarter, Unbound, Pubslush, Pentian, publishing house, government programs.

Мукатаева К.<sup>1</sup>, Мергенбаева К.<sup>2</sup>

<sup>1</sup>доцент, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы

<sup>2</sup>ст. преподаватель, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы

### Новые модели книгоиздания и финансирования

Тема исследования книжного рынка, а также информационных потребностей казахстанцев является на сегодняшний день актуальной и востребованной. С развитием книжной отрасли такие важные разделы, как читаемость книги, её изучение, распространение, создание и развитие новых методов по выпуску книг требуют внимания ученых и общественности.

Целью статьи является анализ современного состояния книгоиздательской отрасли и систематизация методов по улучшению её финансирования.

Научная и практическая ценность исследования заключается в рассмотрении видов книгоиздательской отрасли и методов организации книжной отрасли. Государственная поддержка, оказываемая книжному делу посредством запуска таких программ, как «Культурное наследие» и «Издание общественно значимой литературы», напрямую влияет на ассортимент книжной продукции. По мнению авторов, соблюдение нормативно-правовой базы и спонсирование книгоиздательской отрасли являются важными факторами в улучшении всей книжной отрасли.

Наряду с эмпирическими методами как описание, контроль и сравнение, для предметного анализа использовались теоретические методы, основанные на аксиомах в работах зарубежных ученых.

Главный результат научной статьи – показать важность спонсирования книгоиздательской отрасли для всех стран. В статье приводятся итоги мирового опыта в этой области и пути преодоления сложностей. Акцент делается на активное участие и заинтересованность общества в том, чтобы книгоиздательская отрасль была конкурентоспособной.

Ценность статьи заключается в рассмотрении совершенно нового периода деятельности в таких областях, как экономика, наука, культура, народное хозяйство, а также в сферах

издательства и предпринимательства, который появился после установления публичных и демократических принципов. Анализируется реализация решений высших государственных органов по вопросам демократизации издательской деятельности, расширения прав издательств и типографий, самозанятости и самофинансирования. Рассматривается влияние изменений в политических, социальных и других аспектах жизни в Казахстане на тематику, содержание, объем и качество выпускаемой книжной продукции.

**Ключевые слова:** книжное дело, финансирование, культурное наследие, краудфандинг, Kickstarter, Unbound, Pubslush, Pentian, издательство, государственные программы.

## Кіріспе

Өткен тарихымызды еске түсірсек, кеңес дәуірі кезеңінде мемлекет тарапынан кітап басылым түрлерін реттеп отыратын баспаның тақырыптық жоспарлары болатын. Ол әрине, баспа саласының шығаратын өнімдерінің ассортиментін, басылым тиражын, оқырман сұранысын қанағаттандыруға бағытталды. Мемлекеттік баспа комитеті (Госкомиздат) саласына қарайтын баспалар өз жоспарларын басқарушы жоғарғы мекеменің ұсынысына орайластырып жасап отырды. Сонымен бірге кеңес дәуірі кезіндегі кітап репертуарын қалыптасуына әсер ететін шешуші фактор ол цензурадан өтіп отыруы. Бірде-бір басылым «Литоның» рұхсатынсыз шығарылмауы. Литода негізгі қаралатын мәселе автордың кітабы мазмұн мен мағынасы жағынан кеңес үкіметі мен партияның саясатына лайықты болуға тиіс. Социалистік қоғам құрылысының жүйесіне сәйкес баспаларға жоғарғы жақтан жоспарлар бекітіліп беріліп отырды, сонымен бірге, баспалар барлық жағынан мемлекет тарапынан қаржыландырылды. Соның арқасында баспалардың жұмысы үнемі жүйелі түрде жүргізіліп отырды.

## Материалдар мен ғылыми тәсілдер

Кейінгі жылдары Ұлттық мемлекеттік кітап палатасының жыл сайын шығарып отыратын «Қазақстан Республикасының баспасөзі: статистикалық жинағына» жүгінсек, кітап басылымының жүйелі түрде дамып отырғанын байқаймыз (Қазақстан Республикасының баспасөзі: статистикалық жинақ – 2017)

Тағы бір ерекшеленетін жағдай, ол кезде баспалардың әрқайсысының өзіндік шығаратын әдебиеттері болды, мемлекет тарапынан тақырыптық жоспарлары бекітілетіндіктен, бір баспа екінші баспаның басылымын қайталау мүмкін емес болатын. Әркім өз жоспарымен жұмыс жасайтындықтан бәсекелестік те болған жоқ. Баспалардың атауына қарай әр

баспаның бағытын біліп отыруға болады. Мысалы «Қазақстан» баспасы – қоғамдық-саяси кітаптарды, «Жазушы» – көркем әдебиет, «Мектеп» – оқулықтар, «Ғылым» – ғылыми кітаптар, монография, «Қайнар» – ауыл шаруашылығы әдебиеті, «Өнер» – бейнелеу өнері мен мәдени әдебиеттерді, «Жалын» – балалар мен жасөспірімдерге арналған әдебиеттерді шығарды. Кітап репертуары осылай қалыптасып, жоспарлы түрде дамып отырды (Шалғынбаева Ж.).

Бүгінгі күнде бұл баспалар өз аттарын, тақырыптық бағыттарын жоғалтпағанмен, тақырып таңдауда шектеулер жоқ, кітап нарығында қай басылымға сұраныс басым болса, сол саланы шығара алады. Соңғы көрсеткіш бойынша, Қазақстанда 290 баспа және баспа ісімен айналысатын мекеме – Ұлттық мемлекеттік кітап палатасында тіркелген (Қазақстан Республикасының баспасөзі: статистикалық жинақ – 2017)

## Әдебиетке шолу

Мақаланы дайындауға қолданылған әдебиеттердің толық тізімі 31 еңбектен тұрады. Статистикалық, библиографиялық талдау, дерекнама көздерін іздестіруде «Қазақстан Республикасының баспасөзі: статистикалық жинақ – 2017» еңбегі мен «Печать стран СНГ в цифрах» жинақтары пайдаланылды. Бұл еңбектерде әртүрлі баспада шығарылған өнімдердің орны бойынша, Республика аймақтарында кітап ісінің қарқынын көрсететін диаграммалар және кестелер беріледі.

Бұл құнды дерекнама көздерін дайындайтын Қазақстан Республикасы Ұлттық мемлекеттік кітап палатасы. Жинақта кітап ісі мамандарын, жоғары оқу орындар оқытушылары мен студенттерін және тұтас қоғамды кітап шығару ісінің жай-күйі туралы ақпараттандыру мақсатында, республикамызда шығатын баспа өнімдерінің есебі мен сараптамасы, кітаптар мен кітапшалардың тақырыптық бөлімдері, мақсаты, қай тілде шығарылғаны, жанры, шығарған баспа, баспа ұйымдары туралы және т.б. мәліметтер келтіріледі. Статистикалық

жинақта баспа өнімдерінің басқа түрлері – ноталық, картографиялық және бейнелеу өнері басылымдары, мерзімді және жалғаспалы басылымдар туралы да ақпараттар қамтылады. Қазақстан Республикасының Ұлттық мемлекеттік кітап палатасы – баспа және ақпараттық қызметтер саласының ғылыми орталығы, Мемлекеттік Баспасөз мұрағаты. Кітап палатасының міндеті – интеллектуалдық және ақпараттық потенциалды арттыру, ұлттық мәдениет, білім, ғылым, баспа мен картографиялық ісінің дамуында мемлекеттің мүддесін қамтамасыз ету. Кітап палатасының баспа өнімдер қорлары мен мәліметтер базалары, мемлекеттің мүлкі болып есептеледі де, онымен қорғалады. Қазіргі кезде Баспасөз мұрағатында баспа өнімдерінің 5 миллионнан астам данасы сақталуда. Кітап палатасының шығаратын басылымдары баспасөз өнімдері туралы зерттеулерде басшылыққа алынатын еңбектердің бірі болып есептеледі. Сонымен бірге Ж. Шалғынбаева, Б.С. Есенкин, Б.В. Ленский, М. Сәрсенбаевтың да еңбектері, ғылыми тұжырымдары салыстырмалы түрде зерттелген.

Мақалада пайдаланылған ағылшын тіліндегі көптеген ғылыми еңбектерді сараптаудан өткізу арқылы зерттеуші өз көзқарасын, ой-толғамдарын дәлелдеуге нақты және дұрыс дереккөздерді таңдаған. International Literary Market Place, Publishers, Distributors & Wholesalers of the U.S., Lindsay White Engineering Workshop Oxford University Press – әлем баспа ісінен мағлұматтар дереккөзі болса, Eisenstein, Elizabeth L. The Printing Press as an Agent of Change (in 2 vols. Cambridge: Cambridge University Press, 1979, Anderson, Charles B., and G. Roysce Smith. A) Manual on Bookselling; How to Open and Run Your Own Bookstore – еңбектерінен кітап ісіне байланысты құнды деректер алынды.

### **Негізгі бөлім. Ойталқы**

Бүгінгі күнде егеменді ел болғаннан кейінгі кітап басу саясаты, кітап репертуары қалай қалыптасып дамып келеді. Жалпы статистикаға сүйенсек, рас, Қазақстанда кітап баспа саласы жедел дамып келеді. Оған дәлел кітап дүкендерінің сөрелерінде әртүрлі тақырыптағы жайнап тұрған кітаптар. Жыл сайын кітап нарығына әртүрлі баспалардан көптеген кітап басылымдары келіп түседі. Сонымен бірге, алыс және жақын шетелден келіп түсетін кітаптардың саны да аз емес екенін көріп жүрміз. Әсіресе көп басылымдар Ресей елінен келеді. Әрине, кітап нарығында оқырман сұранысын кітап

басылымымен қанағаттандырып жатқанымызға сөз жоқ, бірақ бүгінгі күнде, Қазақстанның жаңа кезеңі басталғаннан бергі уақытта біз қазақстандық кітап басылымдарының біріншіден еліміздің рухани байлығы, екіншіден ұлттық саясатымызды жүзеге асырушы әрі еліміздің экономикалық деңгейін көтеретін табыс көзі ретіндегі жақтарының қандай деңгейде екенін тап басып айтып бере алмаймыз.

Бүгінгі күнде кітап функциясы артты. Кітаптың білім беру мен тәрбиелік мәні айқындалды. Қазіргі компьютер мен жаһандану кезеңінде кітап өз рөлін жояды, кітап баспа ісі өрістемейді деген көзқарастың орнына, біз қайта баспа саласының тек біздің елде ғана емес, әлемде жедел қарқынмен дамып келе жатқанының куәсі болып отырмыз. Кітап бүгінгі қоғамда жаңа статус алды.

Республиканың экономика, ғылым, мәдениет, халық шаруашылығы салаларындағыдай баспа ұйымдары мен кәсіпорындарында да бұрын болмаған мүлдем жаңа қызмет кезеңі басталды.

Жоғары мемлекеттік органдардың баспа қызметін демократияландыру туралы, баспалардың, баспаханалардың құқын кеңейту, өздігімен жұмыс істеу, өзін-өзі қаржыландыруға өту туралы шешімдері жүзеге асырылды. Заманауи қазақстандық кітап репертуарын қалыптастыру саясатының жаңа кезеңі басталды. Үкімет тарапынан оған үлкен көңіл бөлінді (Указ Президента РК «О неотложных мерах по защите средств массовой информации органов государственной власти и управления, государственного книгоиздания в период перехода к рыночным отношениям»).

Қазақстандағы саяси, әлеуметтік және өмірдің басқа жақтарындағы өзгерістер, баспадан шығатын кітап өнімдерінің тақырыбына, мазмұнына, көлеміне және сапасына әсер еткенін атап өткен жөн.

Бұл кезеңде 30-50 жылдар қоғам қайраткерлері, зиялы қауым өкілдерінің есімдері қайта жарыққа шықты. Қазақстанның бұрынғы алыс және қазіргі жақын күрделі проблемаларын зерттеу жөніндегі басылымдардың саны жаңа ғылыми тұжырымдар, көзқарастар, пікірлер тұрғысынан жаңаша түсіндіріліп, үлкен қоғамдық қызығушылық туғызды.

Қазақстанның тәуелсіздік алған алғашқы жылдарында көпшілігі тарихи тақырыптағы басылымдар болды. Содан кейінгі жылдарда іскерлік, оқулық басылымдары артып, көркем әдебиет, ғылыми тақырыптағы әдебиеттер, анықтама басылымдары мен балаларға арналған басылымдарға кең жол ашылды.

Экономиканың біртіндеп жақсаруы, техникалардың дамуы шығарылатын кітаптардың сапасын көтеруге де ықпал етті.

Ал мемлекет тарапынан кітап репертуарын қалыптастыруда қандай шаралар қалыптасты десек, ол үлкен бағдарламаларды қабылдап, тендер жариялау арқылы барлық баспалардың жұмысын жандандырды. Осы бағдарламалар бойынша баспа иесінің меншік түріне қарамастан, өз мүмкіндіктеріне қарай барлығы да тендерге қатыса отырып, кітап шығару саласына белсене араласуға мүмкіндіктері мол болды.

Соның ішінде кітап шығару саласында айтарлықтай із қалдырған үлкен бағдарламалардың бірін айта кетсек, ол Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2004 жылғы 13 қаңтардағы Жарлығымен бекітілген 2004–2006 жылдарға арналған «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы. Қазақстанның мәдениеті мен рухани құндылықтарын динамикалық дамытудың тарихи-мәдени жалғастығын жүзеге асыруға бағытталды (2004–2006 жылдарға арналған «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы туралы ҚР Президентінің жарлығы: 2004 жылы 13 қаңтар №1277/ҚР Президенті мен ҚР Үкіметінің актілер жинағы).

Елбасы бағдарламаның іске асырылу мерзімін ұзартып, үш кезеңмен қабылданды. 2007–2009 жылдарға арналған екінші кезеңінің жаңа бағдарламасы әзірленіп, ол Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 10 желтоқсандағы Қаулысымен бекітілді. Келесі кезең 2009–2011 жылдарға арналған «Мәдени мұра» стратегиялық ұлттық жобасының тұжырымдамасы бекітілді. Жалпы «Мәдени мұра» бағдарламасымен 2004–2013 жыл аралығында 500-ге тарта кітап басылымы жарық көрді, олардың тақырып репертуары әралуан болды (Қазақстан Республикасының баспасөзі: статистикалық жинақ – 2012).

Келесі мемлекет тарапынан кітап ісін жетілдіруде жасалып келе жатқан бағдарламалар ол «Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару» және «Қазақстан Республикасы тілдерді қолдану мен дамытудың 2011–2020 жылдарға арналған бағдарламасы».

Бұл бағдарламамен шыққан кітаптардың соңғы екі жылына қарасақ мынандай көрсеткішті байқаймыз.

2016 жылы мемлекеттік тапсырыс бойынша шыққан кітаптар мен кітапшалар

| Бағдарлама атауы                                                           | Кітаптар саны | Таралымы<br>(мың дана) | Көлемі (мың) |
|----------------------------------------------------------------------------|---------------|------------------------|--------------|
| Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару                        | 231           | 472,07                 | 10208,23     |
| ҚР Тілдерді қолдану мен дамытудың 2011–2020 жылдарға арналған бағдарламасы | 22            | 33,15                  | 604,19       |
| "Біз мектепке барамыз"                                                     | 64            | 539,88                 | 3396,33      |
| "Зерек бала"                                                               | 57            | 279,50                 | 1503,68      |
| "Алғашқы қадам"<br>бағдарламасы (мектепке дейінгі сәбилер тобы)            | 13            | 6,30                   | 27,34        |

Аталған бағдарлама бойынша 2016 жылы 231 кітап шыққан. Басылымдардың басым бөлігі көркем әдебиеттер (155 кітап – 67,1%) Мемлекеттік тілді және Қазақстанда тұратын халықтар тілдерін насихаттау мақсатында «ҚР Тілдерді қолдану мен дамытудың 2011–2020 жылдарға арналған бағдарламасы», сонымен бірге, Мәдениет және спорт министрлігімен қаржыландырылатын мемлекеттік бағдарлама аясында 2016 жылы 22 кітап шығарылды. Басым көпшілігін анықтамалық (энциклопедиялар,

энциклопедиялық сөздіктер, терминологиялық сөздіктер) және оқу құралдары (оқулықтар, оқу әдістемелік құралдары, тест жинақтары т.б.) құрайды.

ҚР Білім және ғылым министрлігі Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016–2019 жылдарға арналған «Алғашқы қадам», «Зерек бала», «Біз мектепке барамыз» үш білім беру мемлекеттік бағдарламасы бойынша – 134 кітап шығарылды.

Осы бағдарламалар бойынша 2016 жылы ҚР



Кітап палатасына келіп түскен кітап 443 атауды құрайды.

2017 жылы мемлекеттік тапсырыс бойынша

шыққан кітаптар мен кітапшаларды келтірсек, небәрі екі бағдарламамен 210 басылым ғана шыққанын көреміз.

| Бағдарлама атауы                                                            | Кітаптар саны | Таралымы<br>(мың дана) | Көлемі (мың) |
|-----------------------------------------------------------------------------|---------------|------------------------|--------------|
| Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару                         | 144           | 700,29                 | 59,279       |
| ҚР Тілдерді қолдану мен дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған бағдарламасы. | 66            | 119,2                  | 16,718       |

(Қазақстан Республикасының баспасөзі: статистикалық жинақ – 2017)

Қазақстанның барлық баспалары осындай мемлекеттік бағдарламаларға қатыса отырып, өз репертуарларын қалыптастырса, басқа да басылымдарды шығаруда мазмұны мен тақырып таңдауда толық еркіндікте. Ол нарық сұранысына байланысты қандай тақырыпта шығарам десе де өзінің қаржы жағдайына сәйкес жұмыс атқара алады. Бүгінгі күнде қазақстандық баспагерлер өз баспа репертуарларын қалыптастыруындағы басты ерекшеліктері нарық әлемімен сәйкестендіру, оқырман сұранысын қанағаттандыра отырып, бәсекеге қабілетті болу саясатын ұстанады. Бұл әрине біздің жетістігіміз десек те болады. Кітап ісі айналасында жетілдіретін салалар әлемдегі сияқты бізде де шешуін күтіп тұрған шаралар жеткілікті. «... последние годы мы много и долго рассуждали о необходимости создания закона для книжного дела или закона о печати, или закона об издательском деле, либо о целесообразности обновления закона о культуре. Понятно, что систему книжного дела нельзя рассматривать лишь позиции коммерциализации: она включает искусство книги, культуру книгоиздания, культуру распространения, культуру чтения... Но, в российском законодательстве не обозначен даже статус книги, не определено правовое положение участников, нет механизма регулирования взаимоотношений авторов, издателей, распространителей, библиотекерей и др.» (Есенькин Б.С.) НП «Гильдия книжников» президенті Б.С. Есенькиннің айтқан бұл пікірі біздің кітап саласында да шешуін талап етіп тұрған сұрақтар, бізге де баспа саласына қатысты жоғарыда аталып кеткен салалардың арасындағы атқарылатын жұмыстарды реттейтін құқықтық заң керек десек қателеспейміз.

Келесі сөз болатын мәселе бүгінде біз білетін, дүниежүзінде табысы жөнінен төртінші орынды

алатын, адамзаттың рухани байлығы мен азығын дайындай алатын баспа ісінің даму барысын ескере отырып, қаржыландыру мәселесін тек үкіметтен ғана күтпей, қалай жетілдіре аламыз деген сұрақ тууы орынды. Бір нәрсе анық екенін мойындауымыз керек. Кітап шығару саласын қаржыландырудың бұрыннан келе жатқан модельдері бүгінгі күнде азшылық етеді. Заманауи баспа саласы жаңа инновациялық қаржыландыру жолдарын талап етеді.

Әлемдік тәжірибеге сүйенсек, бүгінгі біздің қолданып жүрген қаржыландыру жолдарынан басқа да тәжірибелер бар екен. Соның бірі – краудфандинг шетелдік кітап бизнесіндегі жаңа ағым (Книжная индустрия). Оқырмандардың қаржыландыруымен шығып жатқан бұл жаңа ағым баспагерлер мен авторға жаңа жобаларды жасауға және қаржыландыруға мүмкіншіліктер береді. Бұл жаңа ағымды біз Ресей басылымдарынан да көріп отырмыз.

Краудфандинг термині (ағылшын тілінен аударғанда) – көпшілік қауыммен қаржыландыру (финансирование толпой) деген ұғымды береді, ол жалпы бизнес-әлемінде қолданылады екен. Ал кітап бизнес-әлемінде краудфандинг – кітапты басып шығару үшін оқырмандарды спонсор болуға тарту жолдары десек те болады (International Literary Market Place R.R. Bowker Company).

Краудфандинг интернет арқылы арнайы Краудфандингтік платформаларда іске асырылады. Жұмыс жүйесі мынандай жолмен басталады. Қолында басылымға дайын, қолжазбасы бар баспагер немесе кітабы дайын, не кітап жазуға идеясы бар автор осы жобаны іске асыру үшін жұмсалатын қаржының жобасын сайтқа жариялайды. Бірінші күннен бастап келіп түскен қаржы қорын кез келген адамның сайтқа кіріп көріп отыруға мүмкіндігі болады, яғни, ашық түрде жүргізіледі. Егер сайтқа кіргенде бұл кітапты



оқуға, алуға ниет білдірген оқырман болсаңыз кез келген мөлшерде қаржы аударуыңызға болады. Бір ескерте кететін жағдай, автор не баспагер сізге шығатын кітаптың идеясы, мақсатымен, біздіңше айтқанда толық аннотациясымен оқырманын алдын ала таныстырып қояды. Кітап шыққаннан кейін, осы кітаптың шығуын қаржыландырған кез келген оқырман сыйлықсыз қалмайды. Оны әртүрлі жолмен іске асырады. Аударған қаржыңызға қарай, кітаптың өзінің бірнеше данасы, не болмаса электронды варианты сыйға тартылады. Болмаса, қаржы жағынан қомақты сумма аударған адамның аты-жөні кітаптың титулды бетінде көрсетіледі. Бұл жол бізде, бүгінгі кітап шығаруда қаржылай көмек көрсеткендерді кітапта автордың не баспагердің алғысымен қоса беріледі. Бұл тәжірибе бізде де бар. Оқырманның тілегімен автормен кездесулер ұйымдасуы да мүмкін.

Бұндай қаржыландыру кімге керек, ол баспагерге де, жазушыға да бірдей керек. Баспагерлерге сенімді кітап шығаруға, ал жазушыларға қаржы еркіндігін береді (Publishers, Distributors & Wholesalers of the U.S)

Шетел тәжірибесіне көз салсақ, мынандай краудфандингтік платформалар әлемге белгілі болып, өзіндік орнын қалыптастырыпты. Kickstarter, Unbound, Pubslush және Pentian – бұлар баспагерлер мен авторларды, көбісі танымал авторлар болып келеді екен, оқырмандарын тікелей бір кітапты қаржыландыруға үндейді. Жоғарыда айтқанымыздай ол дайын қолжазба да болуы мүмкін, немесе авторда жазу жоспары дайын, тек оқырманды қызықтырса, қаржы жағы шешілсе, жазуды бастауға дайын екенін жариялайды.

Осының ішінде Kickstarter – әдеби жобаларды іске асыруда әлемдегі ең танымал қаржыландыру қоры. Оның негізі 2009 жылы АҚШ-та ашылып, баспа жобаларын қаржыландыруды бастаған. Әлем баспасөзінің айтуына сенсек, ол 2012 жылы 19,5 миллион доллар қаржымен бір жарым мың баспа жобаларын іске асырыпты. 2014 жылғы платформаның жинаған қаржысы 48.7 миллион доллар болып, алты мыңнан астам баспа жобаларын қаржыландырған. Оның ішінде бір жарым мыңнан астамы үлкендерге арналған көркем әдебиет, үлкендерге арналған әдебиеттің басқа да түрлері және мыңға тарта балалар әдебиеті. Сонымен бірге кітаптың комикс түріне 29 миллион доллармен екі мыңнан астам жоба жүзеге асқан. Әрине, қарап отырып қызығасың, әрі ойланасың.

Екінші бір Британдық Unbound сервисі. Оны ұйымдастырған үш жазушы – Джон Митчинсон, Джастин Поллард және Дэн Киран. Олардың айтуы бойынша бұрынғы жазушы мен баспагер арасындағы қарым-қатынас бүгінгі күн талабын орындамайды, баспагерлер жазушымен тікелей жұмыс істеу тәуекеліне бара бермейді, себебі баспагерлер шығарған басылымының қаншалықты тиімді болатынына көздері жетпейді, сол себепті нарықтың сұранысын ескермей кітап шығаруға бара бермейді. Дэн Киранның пікірі бойынша краудфандинг жобасының нәтижелі болуы, ол жазушының қаншалықты танымал болуына да байланысты. Егер жазушы ақпарат айдынында белгілі өзінің бір блогы болса, немесе бір сайттарда жиі жарияланып жүрген заманауи жазушы болса, ол үшін қаржы жинап алу аса қиын болмайды деген пікір айтады. Unbound сервисі осындай авторлармен – өзінің де шығармасын жиі жариялап, өзгеге де пікір айтып жүретін белсенді авторлармен жұмыс істейді. Бір қызығы автор әуелі өзінің ой-жобасын ғана жариялайды, ол кімді қызықтырады, сол қаржы аудара бастайды. Бұл жобадан авторлар кітап басылып шыққан соң кірісінің 50 пайызын алады, бұл қаржы оларға дәстүрлі баспалармен жұмыс жасағаннан гөрі тиімді деп есептейді жоба иелері. Әрине, кітап нарығына құлақ салып отыратын шетелдік баспагерлер мұндай жобаны бірден қабылдап, британдық Faber & Faber баспасы бірден кітап етіп басып шығаруды бастайды. Олардың бұл жобалары бойынша 55-60-тан астам кітап басылымы шыққан, оның қаржысы бір миллион фунт стерлинг құраған. (Lindsay White Engineering Workshop Oxford University Press).

Unbound сервисінен Pubslush сервисінің айырмашылығы, бұлар танымал емес авторлармен жұмыс жасайды. Бұл америкалық сервисінің негізін қалаған кәсіпкерлер Хелен және Аманда Барбаралар. Бұл сервис сонымен бірге баспагерлерге де көмектің әр түрін көрсетеді. Тапқан табыстарының жартысын әлемдегі сауатсыздықпен күресу жолына жұмсайтындарын айтады.

Pentian испандық краудфандингтік платформа. Оның негізін үш баспагер құрайды. Біздің бұл платформаны құрғандағы негізгі мақсатымыз – жазушылардың тікелей өз оқырмандарынан қаржылық қолдау табу – дейді Pentian негізін салушының бірі Энрике Парилла. Кітап шыққаннан кейінгі қаржы бөлу жағын олар былай түсіндіреді, 40 пайыз авторға, 50 пайызы оқырман-спонсорларға, 10 пайызы Pentian орталығына

бөлінеді. Бұл сервис Испанияда өз қызметін 2014 жылы ғана бастағанына қарамастан, осы жылдың өзінде-ақ АҚШ кітап нарығына шыққандарын мақтанышпен айта алады екен.

Қызметтің бұл түрін саралап қарасаңыз кез келген адам, бизнестің бір түрі ретінде айналыса алатынын көреміз. Оны баспагер, жазушы, кәсіпкер ұйымдастырғанынан көріп отырмыз. Бұл жаңа қаржыландырудың болашағы қандай деген сұрақ тууы мүмкін. Тез қарқынмен дамып келе жатқанына қарап, әлі де дами түседі деген ой қорытуға болады. Краудфандингтің бүгінгі күнгі концепциясы: автор (баспагер) – басылымның идеясы – оқырман болса, экспорттардың айтуы бойынша келешекте – оқырман-жаңа кітаптың идеясы – автор болып өзгереді деген болжам айтылады. Сонда краудфандинг кітаптың белгілі бір түрлерін шығаруға, әлеуметтік тапсырыс қалыптастыруға ықпал ете отырып, оқырман тек қана спонсор ғана емес, кітап талғамын қалыптастыруда да шешуші тұлға бола алады. Бұл әсіресе көркем әдебиеттер емес, анықтамалық басылымдар мен оқу құралдарын шығаруда белсенді рөл атқаруы мүмкін.

Біз әрине мұндай жаңалықтардың жетістіктерін көрші Ресей кітап нарығынан іздейміз, солардың тәжірибесіне көз саламыз. Олай болса Ресейде де ондай платформалар бар екен. Мысалы Planeta және Boomstarter краудфандингтік платформалар өз жұмыстарын

жүргізуде. Бұл істі бастаған аудармашылар мен жазушылар. Сонымен бірге кітап дүкендер жүйесі де өз оқырмандарының қаржысымен кітап шығару ісін бастапты. Әлемде болып жатқан кітап басуды қаржыландыруда, кітаптың оқылуы мен таралуындағы жаңа серпілістер қазақстандық баспа ісіне де ауадай қажет болып тұрғандай. Себебі, өмір өзгереді, оқырман талғамы өседі.

### Қорытынды

Қорыта айтқанда, Қазақстан баспа саласын дамытуда, баспа өнімдерін таратуда бүгінде қоғамның, оқырманның белсенділігі төмен. Әлем тәжірибесіндей, көрші Ресей баспа саласын дамытуда атсалысып жатқан қоғамдық қорлар, ұйымдар, гильдалар, клубтар Қазақстанда жоқтың қасы. Егер қоғам белсенділігі артпаса, оқырман мәдениеті дамымаса, тек қана мемлекет тарапынан жасалып жатқан шаралармен кітап баспа ісі әлемдік деңгейден қалыспай, даму жолында болады деу бекершілік. Сонымен бірге алыс жақын шет мемлекеттерде, ТМД елдерінде жазушылардың кітаптарын басып шығаруға атсалысып жүрген әдеби агенттердің қызметі де бұл күнде жақсы нәтижелерін беріп жүр. Жазушы мен баспа, оқырман арасында жұмыс атқаратын әдеби агенттердің де қызметін біздің нарыққа енгізу де бүгінгі күнде кезек күттірмейтін шара болып тұр.

### Әдебиеттер

- Есенькин Б.С. А надо ли заниматься издательским делом? // Книжная индустрия №8(90), октябрь, 2011. – 29 с.
- Қазақстан Республикасының баспасөзі: статистикалық жинақ – 2017. – Алматы, 2018. – 130 бет.
- Қазақстан Республикасының баспасөзі: статистикалық жинақ – 2012. – Алматы, 2013. – 134 бет.
- Қазақстан Республикасының баспасөзі: статистикалық жинақ – 2017. – Алматы, 2018. – 130 бет.
- Книжная индустрия, 2013.
- Книжная культура. История и современность // Национальная культура в современном социокультурном процессе. – Вып.1. – М., 2002.
- Ленский Б. В. Книговедение. Книжная культура. Книгоиздание (История и современность) / Ленский Б.В., Васильев. – М.: Наука, 2009.
- Морозов А.А. Казахстан за годы независимости. – Алматы: КИСИ при Президенте РК, 2005.
- Новицкая И.Я. Народная словесность Швеции / И.Я. Новицкая. – М.: МГУ, 2008. – 144 с.
- Печать стран СНГ в цифрах 2014 / под общ. ред. Ж. Сейдуманова. – Алматы, 2015. – 40 с.
- Сәрсенбаев М. Кітап тәуелсіздік пен демократия тұғыры. – Алматы: Атамұра, 1998.
- Современное отечественное и зарубежное издательское дело: учеб. пособие / сост. А.В. Зарубин; под ред. Т.В. Поповой. – Екатеринбург: УГТУ-УПИ, 2008. – 112 с.
- Указ Президента РК «О неотложных мерах по защите средств массовой информации органов государственной власти и управления, государственного книгоиздания в период перехода к рыночным отношениям» // Казахстанская правда. – 1992. – 15 апреля.
- Хайкин М.М. Менеджмент издательской продукции: учебное пособие. – СПб., 2001.
- Шалгынбаева Ж. История казахстанской книжной культуры XIX-1917-1991-2001. – Алматы, 2009. – 328 с.
- 2004–2006 жылдарға арналған «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы туралы ҚР Президентінің жарлығы: 2004 жылы 13 қаңтар №1277/ҚР Президенті мен ҚР Үкіметінің актілер жинағы. – 2004, №2.

- Экономика предприятия: учебник. – М.: ИНФРА-М, 2001. – 118 с.
- Anderson, Charles B. and G. Roysce Smith. A ) Manual on Bookselling; How to Open and Run Your Own Bookstore. – New York, 2004.
- Eisenstein, Elizabeth L. The Printing Press as an Agent of Change.[in 2 vols. Cambridge: Cambridge University Press,1979
- Gower, Isla. (2008) Bookselling. Key Note market report. Hampton, Middlesex, England: Key Note Ltd.
- Gower, Isla. Bookselling. Key Note market report. Hampton, Middlesex, England: Key Note Ltd, 2008
- International Literary Market Place(R.R. Bowker Company: New York-London), 2009.
- Lindsay White Engineering Workshop Oxford University Press, 2009.
- Literary Market Place 2014-2015. – London, 2011.
- Publishers, Distributors & Wholesalers of the U.S. – New York, 2009.
- Publishers International Dictionary With ISBN Index(K.G. Saur: Munchen, New York, London, Paris) и Directory of Publishing (Continium: London), 2013.
- Raymond Murphy English Grammar in Use, Cambridge University Press, 200723. International Literary Market Place(R.R. Bowker Company: New York-London), 2010.
- Windwalker, Stephen. (2002) Selling Used Books Online: The Complete Guide to Bookselling at Amazon's Marketplace and Other Online Sites. Harvard perspectives in entrepreneurship. Belmont, Mass: Harvard Perspectives Press.
- Wikipedia [Electronicresource]: Tammi. – USA, 2001. – Режимдоступа: <http://fi.wikipedia.org/wiki/Tammi>, свободный – загл. экрана.

## References

- Anderson, Charles B., and G. Roysce Smith. A ) Manual on Bookselling; How to Open and Run Your Own Bookstore. New York, 2004.
- Esenkin B.S.A nado li zanimatsya izdatelskim delom?[ And is it necessary to go to the newspaper?] //Knijnaya industriya №8(90), october, 2011. – 29 p.
- Economika predpriyatiya [Economy of the enterprise]:Uchebnik/Pod.Red. – М.: INFRA. – М., 2001. – 118 p.
- Eisenstein, Elizabeth L. The Printing Press as an Agent of Change.[in 2 vols. Cambridge: Cambridge University Press,1979
- Gower, Isla. (2008) Bookselling. Key Note market report. Hampton, Middlesex, England: Key Note Ltd.
- Gower, Isla. Bookselling. Key Note market report. Hampton, Middlesex, England: Key Note Ltd, 2008
- Haikyn M.M.Menedjment izdatelskoi produkcii.[Publishing Management]Uchebnoe posobiye. – S-PB, 2001
- Kazakhstan Respublikasynyn baspasozhi:statistikalyk jnak [The press of the Republic of Kazakhstan: statistical collection] – 2017. – Almaty, 2018. – 130 bet
- Kazakhstan Respublikasynyn baspasozhi:statistikalyk jynak-[The press of the Republic of Kazakhstan: statistical collection] 2012. – Almaty . 2013. – 134 bet.
- Kazakhstan Respublikasynyn baspasozhi:statistikalyk jynak-[The press of the Republic of Kazakhstan: statistical collection] 2017. – Almaty, 2018. – 130bet
- //Knijnaya industriya,[Book industry]2013.
- Knizhnaya kul'tura. Istoriya i sovremennost' [Book culture. History and modernity]//Natsional'naya kul'tura v sovremennom sotsiokul'turnom protsesse. – Vyp.1. – М.,2002.
- Lenskiy B. V. Knigovedeniye. Knizhnaya kul'tura.[Book culture. History and modernity] Knigoizdaniye (Istoriya i sovremennost') /Lenskiy B.V., Vasil'yev. – Moskva: Nauka, 2009.
- Lindsay White Engineering Workshop Oxford University Press, 2009.
- Literary Market Place 2014-2015. – London, 2011.
- Morozov A. A. Kazakhstan za gody nezavisimosti.[Kazakhstan over the years of independence.] – Almaty: KISI pri Prezidente RK, 2005.
- Novitskaya I.YA.Narodnaya slovesnost Shvesiya[Swedish folk literature]/ Novitskaya I.YA. - М.: MGU, 2008. -144 p
- International Literary Market Place(R.R. Bowker Company: New York-London), 2009
“digital youth”, as a qualitatively new type of media audience. Born in the late 1990s - early 2000s. In the period of widespread digital media technologies, they demonstrate certain features of media behavior that distinguish it from other generations.

A survey among the younger generation showed that young people use the Internet every day, social networks and more than 2-4 hours, i.e. they receive all the necessary information from new media, almost no use of traditional means of mass communication. Mainly use information and entertainment sites and portals. In the educational process, new media also play an important role for young people, without which students do not manage in the educational process. Among social networks, the preference of young people is given to the “Instagram” that is gaining momentum due to the availability, efficiency and quality of the incoming information. Video, video news on YouTube, according to the younger generation, are presented in a livelier, more natural format than traditional television channel coverage. YouTube is interactive, communication between the information provider and the audience is two-way, which attracts young people. This video portal has its own newsmakers who specialize in socio-political, economic news, and the infotainment industry.

The number of users of social networks in the country reached 8 million. More than 90% of young people born in the 1970-1990s are social networks. The young generation of the 21st century, growing up under the conditions of the “third wave”, is quickly assimilating the new mass media formats, since they contribute to the individualization and demassification of both the individual and the culture. If in the twentieth century information was treated as a commodity, then in the twenty-first century it refers to information - as a stimulator of creative forces, applications and searches.

## Results

There is a transformation of the communicative space in the digital age and the influence of the latter on the basic skills and personal qualities of people. Digital identity - self-identification with the image - is becoming a new psychological norm of modern man.

The development of electronic media is carried out in the era of the global digital revolution. Modern advances in the field of digital broadcasting are changing the modern journalism, which is becoming digital, multimedia.

The information age has changed the professional journalistic environment, in which the

important factors of development are intellectual, creative abilities, creative approach and skills, possession of new digital technologies. The peculiarity of journalistic activity lies in the personal approach of the communicator to reality. The modern information environment makes new demands on the preparation of multimedia journalists, which are correlated with the goals and objectives of modern journalism.

Currently, the competition between traditional and new media, network media communities has intensified. Increasingly, print and electronic media use the digital technologies of new media and the social networks themselves in their activities. A new function of media is becoming more and more apparent - as a form of community organization, social networks confirm this, WhatsApp, there has been a turn towards digital creativity in media.

The digital media environment creates the conditions for meaningful transformations of forms and ways of realizing authorship. There is a need to study the nature of changes in journalistic activities. The structure of media consumption has changed, and journalistic content has been transformed on the Internet, in a mobile environment.

Changes occurring in the modern social space have a significant impact on the nature, content, trends and direction of communication processes. The multipolarity of the modern world has revealed new problems aimed primarily at the cultural and communication sphere of the social life of society. It should be said about the topics covered by media issues and problems that form the agenda of the news day, generate media discourse and create the entire socio-cultural information background.

Each time period has its own culture of relationships between people, in the workplace, in life, which is also characterized by its media culture, which depends on the development of society as a whole, on information technologies and the media. They, in turn, absorb it, absorb it and reflect it in their communication channels. And what is interesting, if in different countries culture and mentality are different, there is a specificity, then media culture smoothes this difference, it becomes standard, universal under the influence of information and communication technologies.

### Conclusion

According to modern philosophers, the following features are characteristic of the culture of the new millennium: "a global polylogue, encompassing all of humanity in perspective", "a dialogue of the viewer with "soft" text of a computer screen", "a

screen-dynamic dialog modeling", "building complex integrating, but easily visible dialog boxes", "three-dimensional thinking" of the "final screen", "fundamentally different poetics" - not narrative, on which practically all traditional written culture rests, but of dialogue turning into a polylogue," okkupnost of communication between all people and cultures "(past, present and future)", "new languages of dialogue", "problems of the emerging philosophy of dialogue, intertext and polylogue" (A.V.Prokhorov, K.E. Razlogov, V.D.Ruzin, 1989).

According to researcher O.G. Filatova, "there is a globalization of the media and communication, the whole structure of human communication experience is being transformed. Mass communication becomes not only a "magic window" through which we look at the world, but also a "door" through which ideas penetrate our consciousness. This applies to all MMC and, above all, to the World Wide Web" (O.G.Filatova, 2004).

The mass media in the rapidly changing modern world is becoming an increasingly important factor in the existence and influence on society, countries, continents, and in the first place, on the younger generation. It is very important in the pursuit of time, mobility and comfortable conditions not to lose their originality, national identity, cultural identity, traditions, and the spirit of their people in the period of standardization of thinking and lifestyle in the era of communication globalization.

The priorities in the development of the knowledge society in Kazakhstan have changed against the background of the rapid introduction of new information technologies. And it is important here to take into account the national specifics, cultural identity of the society, the specifics of communication development in the republic in the period of globalization.

In communication between civilizations, as is known, significant results are achieved in the exchange of spiritual, scientific achievements. In the modern world, there is an intensification of information communication, requiring knowledge of the communication specifics of each country, the development of principles of interaction on a national, regional and global scale, where intellectual potential and human capital play an important role. The main challenges of the XXI century in the development of the information society will be solved not so much in the political and economic spheres, but rather in the field of culture and education.

At present, the task is to raise the general culture to a higher level, to develop the spiritual potential of Kazakhstan's society. The task through

the media and new media to intensify the need to improve their own level and broaden their horizons. The implementation of such a cultural and educational mission is carried out through mass communication. The modernization of a country

can be successful if society maintains its identity in the context of globalization, which is achieved through a certain balance between external and internal circumstances, between external impulses and the internal potential of society to improve.

#### References

- Castells M. Galaxy Internet. Ekaterinburg, 2004
- Dudinova E. "Kazakhstan journalism goes to the world level," Kazak University, 24 April, pp.6-8., 2018
- Mizonzhnikov B., Teplyashina A. Journalism. Introduction to the profession: Textbook. – 2 ed. – SPb.: Peter, 2018.
- Lashchuk, O.R. Methods of creating and editing multimedia news messages. Information field of modern Russia: practices and effects. – Kazan, 2015. – pp.224-229.
- Neisbit, D. Megatrends. – M.: Yermak, 2003.
- Sabirov S. "Internet Association in Kazakhstan," // 2nd Republican Scientific and Practical Conference "Information Field of Modern Kazakhstan: Practices and Effects", March 2, 2018.
- Prokhorov A.V., Razlogov K.E., Ruzin V.D. "Culture of the coming millennium." // Questions of Philosophy, vol.6, pp.30-37, 1989.
- Filatova O.G. "The Internet as Mass Media." Actual Problems of Communication Theory. – SPb., pp. 232-241, 2004.

**Есенбекова Ұ.М.**

филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор,  
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қазақстан, Астана қ.  
e-mail: ultmudde@mail.ru

## **ТРАНСМЕДИАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР: ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ МЕН КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ОРТАДА ҚОЛДАНЫЛУЫ**

Ақпараттық технологиялар қарқынды дамыған ғасырда медиааралық стратегияларды зерттеу, олардың табиғаты мен ерекшеліктерімен танысу цифрлық медиалардың қызметіндегі тенденцияларды түсініп, болашағын болжау үшін маңызы жоғары тақырыптар.

Мақаланың мақсаты – отандық медиа кеңістіктегі трансмедиялық баяндау мәселелерін дұрыс анықтап, талдау арқылы түйінді мәселерді шешу жолдарын ұсыну. Ақпараттық технологиялар мен жаңа медиалардың жүйесін жетілдірудегі рөлін сараптау.

Зерттеу жұмысының ғылыми және практикалық құндылығына цифрлық дәуірдегі трансмедиялық стратегиялардың маңыздылығын анықтауды, оның тұжырымдық негіздерін зерттеуді жалғызға болады. Коммуникативтік технологиялар саласының жаңа сапалы дамуына байланысты медиалардың даму трендтерін дұрыс болжау күрделі мәселе.

Мақала тақырыбын талдауға сипаттау, бақылау және салыстыру сияқты эмпирикалық тәсілдермен қатар, құжаттарды сараптау, жүйелеу және социометриялық тәсілдер, шетелдік ғалымдардың еңбектері сүйенген теориялық аксиоматикалық тәсілдер қолданылды.

Ғылыми мақаланың басты нәтижесі – Қазақстанның медиа кеңістігіндегі медиааралық стратегияларды зерттеу, коммуникациялық көріністердің ерекшеліктерімен таныстыру; трансмедиялық стратегияның маңыздылығын анықтау, трансмедиялық баяндау, коммуникациялық жүйенің еліміздің тұрақты дамуына тигізетін әсерін анықтау.

Мақаланың құндылығы – мақалада халықаралық деңгейдегі медиа саласы мамандарының трансмедиа, трансмедиялық сторителлинг сияқты ұғымдар туралы анықтамалары талданып, қорытылып, Қазақстанның ақпараттық-коммуникациялық даму кезеңдеріне қатысты жүйелі сараптаулар жасалған. Жаңа медиа мен ақпараттық коммуникация мәселелері, медиа, коммуникациялық тұжырымдар туралы ұғымдар, жаңа медиа бойынша ғылыми дефинициялар, жалпы түсініктер берілген.

Автор әлемдегі саяси және коммуникативтік үрдістердің даму жолдарын еркін анықтап, болжауға қажетті ғылыми әдістемелерді қолданған. Мақала трансмедиялық сторителлинг технологияларының ғылыми негіздерін игеру арқылы ақпараттық-технологиялық эволюция заманында ұлттық санамыз бен болмысымызды сақтап қалу үшін, мемлекет пен қоғамның дамуын қамтамасыз ету тақырыптары бойынша жаңа ғылыми ізденістерге көмегін тигізеді деген ниетпен жазылған.

**Түйін сөздер:** медиааралық стратегиялар, цифрлық медиадағы тенденциялар, трансмедиа, трансмедиялық сторителлинг, трансмедиялық баяндау, трансмедиялық стратегия, психологиялық бұрмалау, жеңілдету концепциясы.

Yessenbekova U.M.

cand. sci (philology), associate Professor,  
L.N. Gumilyov Eurasian National University, Kazakhstan, Astana  
email: ultmudde@mail.ru

**Transmedia technologies: theoretical foundations  
and use in a communication environment**

In the era of rapidly evolving information technologies, the study of strategies of different media with their nature and features has great importance for understanding the trends in the functioning of digital media and predicting their future development.

The purpose of this article is to identify and study the problems of transmedia storytelling in the domestic media space. Analysis of its role in the development of information technology and new media systems.

The scientific and practical value of the study is to determine the importance of transmedia strategies in the digital age, the study of its conceptual foundations. It is becoming difficult to predict the trends in the development of new media, since the digital content of the communications technology is happening too quickly.

In the course of the analysis of the designated topic, along with such empirical methods as description, control, and comparison, theoretical approaches based on the axioms of foreign scientists were used.

The main results of a scientific article are: analysis of transmedia strategies in the media space of Kazakhstan, familiarization with the features of communication phenomena; identifying the importance of transmedia strategies and transmedia storytelling, their influence through the communication system on media development.

The value of the article. The article analyzes and systematizes the scientific concepts of internationally recognized experts in transmedia technologies and transmedia storytelling. The stages of development of the information and communication sphere of Kazakhstan are also analyzed.

The author used various scientific methodologies necessary for the effective identification and prediction of political and communication processes in the world. The article was written with the aim of promoting research on the development of the state and society, the preservation of national identity in the era of information and technological transformation.

**Key words:** transmedia strategies, trends in digital media, transmedia, transmedia storytelling, psychological manipulations, concept of simplification.

Есенбекова У.М.

кандидат филологических наук, ассоциированный профессор,  
Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Казахстан, г. Астана  
e-mail: ultmudde@mail.ru

### **Трансмедийные технологии: теоретические основы и использование в коммуникационной среде**

В эпоху быстроразвивающихся информационных технологий исследование разных медиа, изучение их природы и особенностей имеют большое значение для понимания тенденций функционирования цифровых медиа и прогнозирования их будущего развития.

Целью настоящей статьи является определение и исследование проблем трансмедиа сторителлинга на отечественном медийном пространстве. Анализ его роли в развитии информационных технологий и систем новых медиа.

Научной и практической ценностью исследования является определение важности трансмедийных стратегий в цифровую эпоху, исследование ее концептуальных основ. Становится сложным прогнозировать направления тенденций развития новых медиа, так как цифровое наполнение сферы коммуникационных технологий происходит слишком быстро.

В ходе анализа обозначенной темы наряду с такими эмпирическими методами, как описание, контроль и сравнение, систематизация и изучение документов, социометрические методы, были использованы также и теоретические аксиоматические подходы, основанные на исследованиях зарубежных ученых.

Основными результатами научной статьи являются: анализ трансмедийных стратегий в медиапространстве Казахстана, ознакомление с особенностями коммуникационных явлений; выявление важности трансмедийных стратегий и трансмедиа сторителлинга, их влияние через коммуникационную систему на развитие медиа.

Ценность статьи. В статье проанализированы и систематизированы научные концепции международно признанных экспертов по трансмедийным технологиям и трансмедиа сторителлингу. Также анализируются этапы развития информационно-коммуникативной сферы Казахстана.

Автором использованы разные научные методологии, необходимые для эффективного выявления и прогнозирования политических и коммуникативных процессов в мире. Статья написана с целью содействия научным исследованиям по вопросам развития общества, сохранения национальной идентичности в эпоху информационной и технологической трансформации.

**Ключевые слова:** трансмедийные стратегии, тенденции в цифровых медиа, трансмедиа, трансмедиа сторителлинг, психологические манипуляции, концепция упрощения.



### Кіріспе

Ақпараттық технологиялар қарқынды дамыған ғасырда медиааралық стратегияларды зерттеу, олардың табиғаты мен ерекшеліктерімен танысу цифрлық медиалардың қызметіндегі тенденцияларды түсініп, болашағын болжау үшін маңызы жоғары тақырыптар. Теориялық тұжырымдарға сүйеніп өмірде болып жатқан медиа процестердің себебі мен қоғамға, адамға тигізетін пайдасы және кері әсерлері бүгінде өзекті мәселелер күн тәртібіне шығарылуда.

Мақаланың мақсаты – отандық медиа кеңістіктегі трансмедиялық баяндау мәселелерін дұрыс анықтап, талдау арқылы түйінді мәселерді шешу жолдарын ұсыну. Ақпараттық технологиялар мен жаңа медиалардың жүйесін жетілдірудегі рөлін сараптау.

Автор әлемдегі саяси және коммуникативтік үрдістердің даму жолдарын еркін анықтап, болжауға қажетті ғылыми әдістемелерді қолданған. Мақала трансмедиялық сторителлинг технологияларының ғылыми негіздерін игеру арқылы ақпараттық-технологиялық эволюция заманында ұлттық санамыз мен болмысымызды сақтап қалу үшін, мемлекет пен қоғамның дамуын қамтамасыз ету тақырыптары бойынша жаңа ғылыми ізденістерге көмегін тигізеді деген ниетпен жазылған.

### Материалдар мен ғылыми тәсілдер

Мақалада шетелдік басылымдарда жарияланған 31 дереккөзден тұратын ғалымдар мен медиа мамандардың зерттеулері сарапталып, автордың жүргізген талдауына байланысты таңдап алынды. Осы библиографияның негізінде сұрыпталған, жүйеленіп іріктелген, теориялық ұстанымдар мен контент-сараптаудан өткен мәліметтер қоры қорытынды тұжырым жасауға қолданылды. Трансмедиялық технологиялар мен трансмедиялық баяндау құбылысының медиа салаға ықпалын зерттеу барысында мақала авторы Jenkins H., Phillips A., Scolari C.A., Woodside A., Gambarato R., Long G.A. сияқты америкалық және батыс еуропалық теоретик ғалымдардың жұмыстарындағы басты гипотезаларды қазақстандық қоғам жағдайына дәл көшіріп қолдануға болмайтынын көрсетті.

Трансмедиялық стратегиялар медиа саласында ақпарат алмасу платформасы ғана емес, сонымен бірге, өзінің өзгешелігімен және әсер ету тиімділігімен ерекшеленетін ғажайып ортаға айналып келеді. Қарапайым адам ғаламдық желіде коммуникация өнімдерін

жасайтын белсенді тұлғаға айналды. Басқаша айтсақ, ақпаратты қабылдаушы емес, керісінше, ақпаратты, контентті өндіруші болып түрленді (Jenkins H., 2006; Phillips Andrea, 2012; Scolari C.A., 2009; Gambarato R., 2017).

Бұл – адам тарихындағы ең ғаламат коммуникациялық революцияның көрінісі. Қазіргі коммуникация саласындағы процестердің адамдарға, қоғамдарға және ұлттарға пайдасы мен қауіптерін, салдарын әлі ешкім болжап біле алмауда. Дәстүрлі контент жасайтын субъектілер мен кәсіби журналистердің, бұрынғы ақпарат қабылдаушы аудиторияның да функциялары өзгерген. Бұның бәрі коммуникацияның мақсаттары мен міндеттерін, шешетін мәселелерін қайта қарауды талап етуде (Farris Paul W., 2007; Shanton Karen, Goldman Alvin, 2010; Gazzaniga Michael S., 1989; Phillips Andrea, 2012).

Зерттеу тақырыбын талдауға сипаттау, бақылау және салыстыру сияқты эмпирикалық тәсілдермен қатар, құжаттарды сараптау, жүйелеу және социометриялық тәсілдер, шетелдік ғалымдардың еңбектері сүйенген теориялық аксиоматикалық тәсілдер қолданылды.

### Әдебиетке шолу

Автордың мақаланы әзірлеу барысында таңдап алған ғылыми әдебиеттердің саны 31, оның барлығы ағылшын тіліндегі жұмыстар. Трансмедиялық технологиялар мен трансмедия сторителлинг бойынша теориялық жағынан жақсы тұжырымдалған ғылыми жұмыстарды мақала авторы дұрыс іріктей алған. Олардың ішінде, Jenkins H., Phillips Andrea, Scolari C.A., Pratten R., Rutledge Pamela, Lambert J., Phillips A.A., Shankar A., Goulding C., Dickert S., Slovic P. сынды ғалымдар мен сарапшы мамандардың еңбектері мен зерттеулерін атауға болады.

Әлемдегі барлық ірі медиахолдингтер трансмедиялық технологиялар мен трансмедия сторителлинг бойынша өз стратегияларын анықтауға көңіл бөлуде. Мысалы, белгілі батыстық сарапшылардың болжамдары бойынша трансмедиялық стратегияларын дұрыс жасай алған медиа бірлестіктердің рейтингі мен табысы соңғы 10 жылда 30% артқан (Weaver W., 1979; Ataman M. Berk, Carl F. Mela and Harald J. Van Heerde, 2008; Norman Kent L., 2017).

Бұл мақалада қолданылған ауқымды ғылыми әдебиеттер мен жарияланымдарды сараптай келе, олар автордың гипотезаларын дәлелдеуге нақты және дұрыс таңдап алынған деп бағалауға болады.

### Негізгі бөлім. Талқылау

«Ақпаратты жеткізу», «медиааралық» деген терминдерді зерттеуші-ғалымдар бүгінде «трансмедиа» ұғымымен бірдей қабылдап, қолдануда. Медиа зерттеушілер «ақпаратты жеткізу» тіркесін қазіргі «стори-теллинг» сөзімен алмастырып та қолданады. «Стори-теллинг» ағылшынның «стори» (оқиға, хикая) және «теллинг» (баяндау, айту) деген екі сөзінің бірігуінен жасалған термин.

Алдымен біз «трансмедиа» мен «трансмедиялық баяндау» ұғымдарының анықтамалық негіздеріне тоқталайық. Америкалық философ және мәдениеттанушы Генри Дженкинс трансмедиа ұғымын «трансмедиялық баяндау» дегеніміз – қандай да бір оқиғаны элементтерге бөліп әртүрлі медиа арналар арқылы көрсету» деп түсіндіреді. Осы түрлі медиааралардағы элементтер бірін-бірі қайталамайды. Сол элементтер бірін-бірі толықтыра отырып күшейіп, оқиғаны аудиторияның жақсы қабылдауына мүмкіндік береді. Генри Дженкинс Оңтүстік Калифорния университетінің профессоры, коммуникация, журналистика және киноөнерді зерттеуші ғалым.

Трансмедиялық баяндаудың тағы бір ерекшелігі – оны қолданушы авторлар мен продюсерлер аудиторияның «оқиғаны қабылдау әсерін өз қажетінше басқара алады». «Оқиғаны қабылдау әсерін өз қажетінше басқару» деген тіркестің мағынасы – трансмедиа не үшін қажет деген сұрақтың жауабымен орайлас. Ақпарат таратудағы медиааралық тәсілдер арқылы адамға, аудиторияға күшті әсер етуге болады, адамды қоршаған ақпараттық хаоста оның көңілін барынша өзіне аударып алуға болады (Jenkins H., 2006; Phillips Andrea, 2012; Long G.A., 2007).

Көбінесе трансмедиялық сторителлингті кросс-платформалық ұғымымен шатастырып жатады. Бұл – дұрыс емес. Кросс-платформа – жаңа технологиялық тренд. Кросс-платформа ақпаратты қолданушыға кез келген контентті өзінің қолында бар құралмен көріп, қолдана алатын мүмкіндік береді. Яғни, ақпаратты қолданушы мен контенттің арасында ешқандай технологиялық кедергілер болмауын көздейді.

Кросс-платформалық құралдың немесе технологиялық мүмкіндіктің көмегімен біз не істей аламыз? Мысалы, маусым айында Ресейде өткен футболдан әлем чемпионатын теледидар арқылы, планшетті компьютерден, смартфоннан немесе компьютерден көре аламыз. Интернет заттар дамыған дәуірде, мүмкін, енді 2-3 жылдан

кейін сол футбол ойындарын, фильмдерді тоңазытқыштан да көруге болар. Тоңазытқыш Интернетке қосылса, тоңазытқышта дисплей болса, бұған ешкім де таң қалмайтын шығар.

Жаңа дәуірдегі ақпараттың табиғатын бейнелейтін медиа-мәтіндер технологиялық дамудың көмегімен сапалық өзгерістерге ұшырауда. Ғаламдық желіде медиа-мәтін вербалды (ауызша), визуалды (көзбен көретін), аудио (дыбыспен берілетін) формада беріледі. Түрлі формада берілген медиа-мәтінді адамдар өздеріне ыңғайлы құралдар арқылы қабылдап, қолданады. Медиа тілімен айтсақ, кросс-медиа феномені өмірге келді (Jenkins H., 2009; Chandon Pierre, J. Wesley Hutchinson, Eric T. Bradlow and Scott H. Young, 2009; Burns Kelli S., 2017).

Медиа өнім бірнеше платформаларда өзгеріссіз таратылады. Оның көлемі де, мазмұны да өзгеріссіз қалады. Осындай медиааралық немесе трансмедиялық технологиялар АҚШ пен Еуропа елдерінде, Оңтүстік Корея мен Жапонияда қызығушылық тудырып, зерттеліп келеді. Қазақстанға «трансмедиялық баяндау» әлі келген жоқ, оған деген қызығушылық та төмен. Қазірше, біздің қоғамда коммуникация саласындағы компаниялардан басқа трансмедиялық технологияларды бизнес құрылымдар қолданбайды. Әлемдік трансмедиялық үрдістер біздің елге 4-5 жылдан кейін келеді деп болжам жасауға болады. Трансмедиялық технологиялар алдымен қазақ киносының продюсерлері мен сериал жасаушы продюсерлер тарапынан сұранысқа ие болуы мүмкін.

Трансмедиялық баяндау технологиялары қандай салаларда қолданылады? Трансмедиялық баяндау технологиялары ойын-сауық индустриясында, оның ішінде, киноөндіріс пен продакшнда жоғары сұранысқа ие.

Трансмедиялық баяндау технологияларының көмегімен продакшн өнімдердің бас кейіпкерлері мен сюжеті киноэкраннан сериалдар мен кітаптарға, компьютерге, видео-ойындарға, музыка мен жарнамаға көшіріліп, балалар ойыншықтарына дейін қолданылып, көрерменді өзіне еліктіріп, өз «әлеміне батырып» ұстауға тырысады (Jenkins H., 2003; Shannon C.E., Dickert, S. & Slovic P., 2009).

Ақпараттар ағыны жан-жағынан қоршап, өз ырқына көндіретін коммуникациялық ортада адамдар өзінің тұлғалық қасиеттерін ұмыта бастайды. Көшеде, университет пен мектепте смартфоннан 1 минут та ажырай алмайтын жастар өздерінің «ақпараттық құлдыққа» байланып қалғанын сезбей қалады. Өзін де, жақындарын да

ұмыта бастайды. Олар «ақпаратты біз қолданып отырмыз» деп ойлайды. Ал, шын мәнісінде ақпарат және сол контентті жасаушылар жастардың санасын басқарып, өзіне қажетті шешімдер қабылдатады, өздеріне қажетті таңдау жасатады.

Осылайша санасы ақпаратқа тәуелді, адасқан адамдардың санасын түрлі психологиялық айла-тәсілдер арқылы басқарудың тиімді әдістерін іздеген медиапсихология мамандары сан алуан технологиялар ұсынуда. Бұл технологиялардың әсерін зерттеу мақсатында PR, жарнама мен продакшн бағытында эксперименттер жасай бастады. Біздің талдап отырған трансмедиялық баяндау технологиялары, әсіресе, көрермендер аудиториясын ұдайы өзінің ғажайып қиял әлемінде ұстауға ұмтылған кино продюсерлердің сұранысынан туындады. Сондықтан да, трансмедиялық баяндау технологиялары алғашында кинематография үшін жасалынды (Rutledge Pamela, 2011; Lambert J., 2003; Phillips A.A., 2017).

Трансмедия құбылысын зерттеуші ағылшын маманы Роберт Праттеннің тұжырымына сәйкес трансмедияның басты 3 түрі төмендегі критерийлер бойынша жинақталады:

- нарративтік кеңістіктің мөлшері, саны (уақыт, кейіпкерлер, локация немесе орналасқан жері);
- медиаплатформалардың саны мен олардың ықпалдасу тәсілдері;
- аудиторияны қызықтырудың дәрежесі мен тұрпаты (Pratten, R., 2011. *Getting Started in Transmedia Storytelling: A Practical Guide for Beginners*. –Seattle: CreateSpace, – p.13-15).

Қазіргі кезде трансмедиялық баяндау технологиялары цифрлық дәуірдің мүмкіндіктерімен қаруланып, барлық продакшн компаниялардың қызметінде ерекше орынға ие болуда. Осылайша: трансмедиялық баяндау қай салаларда қолданылады деген сұраққа ойын-сауық индустриясында, оның ішінде, киноөндіріс пен продакшнда деп жауап бере аламыз.

Киноөнімдер трансмедиялық технологиялардың көмегімен ойын-сауық индустриясында басымдыққа ие болуда. Осылайша фильмнің бас кейіпкерлері мен фильмнің сюжеті кино-экраннан сериалдар мен кітаптарға, балалар ойыншықтарына, компьютерге, видео-ойындарға, музыка мен жарнамаға көшіріліп, көрерменді өзіне еліктіріп, өз «әлеміне батырып» ұстауға тырысады (Gambarato R., 2017; Shankar, A. and Goulding, C., 2001; Teixeira, Thales, Michel Wedel, and Rik Pieters, 2010).

Жоғарыда айтылған әрбір платформа фильмнің оқиғасы мен кейіпкерлерін басқаша қырынан тануына мүмкіндік береді. Басты талап – бұл медиалар бірінің контентін бірі қайталамай, оқиға мазмұнын толықтырып, логикалық байланысып тұруы тиіс.

Трансмедиялық баяндау технологияларын «Гарри Поттер» фильмінен көруге болады. Фильм ағылшын жазушысы Джоан Роулинг ханымның романы бойынша түсірілді. Роулинг ханымның Гарри Поттер туралы кітаптары әлем тарихында ең көп сатылған кітап болды. Кітап 400 миллион данамен сатылды. Гарри Поттер мен оның достары ойын-сауық индустриясында ең көп қолданылған жарнама объектілеріне айналды. Олардың бейнесін футболкаларда, пошта маркасында, сағаттар мен қораптарда, әртүрлі ойыншықтарда көруге болады. Міне, трансмедиялық баяндаудың бір көрінісі осындай (Pratten R., 2011; Tellis, Gerard J., Rajesh Chandy and Pattana Thaivanich, 2000; Phillips A., 2012; Scolari C.A., 2009).

Қазіргі тілмен айтқанда трансмедиялық баяндау вирусты маркетингке ұқсайды. Вирусты маркетинг дегеніміз – қазіргі жарнамада қолданылатын технология. Бір сайтта орналасқан контентті Интернет аудиторияның өзі әлеуметтік платформалар (Телеграмм, Гугл +, Линкен, Фейсбук, Твиттер) арқылы бір-біріне тарата бастайды. Осылайша бірнеше минуттың ішінде жаңағы қызықты контентті көрушілер саны бірнеше миллионнан асып жатады.

Трансмедиялық жобаларда аудиторияның белсенділігі мен қиялын ынталандыру үшін оқиғаның фрагменттерінде көрермендермен кері байланыс механизмі жұмыс істейді. Мысалы, көптеген жобаларда «дауыс беріңіз», «қатысыңыз», «сіздің пікіріңіз біз үшін маңызды» деген жарнамалық үндеулер жиі ұшыратылады. Көрермен осылайша трансмедиялық жобаға қатысушы мәртебесіне қол жеткізеді (Tellis, Andrea., 2012. *A Creator's Guide to Transmedia Storytelling: How to Captivate and Engage Audiences across Multiple Platforms*. New York, NY: McGraw-Hill. Kindle Edition).

Трансмедия медиа өндіру секторының ерекше объектісі бола тұра өзгеше табиғатқа ие құбылыс. Продюсерлік бағытта қолданылатын контенттің бірнеше түрін білеміз: сериалдар, фильмдер, кітаптар, видео ойындар, мобильді қосымшалар. Дәл осы тізімдегі платформалар трансмедиялық баяндауда басқаша тұжырымда қолданылады. Әрбір платформаның табиғатын ескеріп, авторлар оқиғаның баяндалуын мұқият

жоспарлап, түрлентіп отырады. Оқиғаның фрагменттерін орналастыру да Джефф Гомес пен Генри Дженкинс жасаған қағидаларына сүйеніп жасалады.

XIX ғасырдың классиктері ағылшын Артур Конан Дойл («Шерлок Холмстың басынан кешкендері») және француз Александр Дюма-эkesі («Үш ноян») туындыларында авторлар әдейі қалдырған жұмбақ тұстары бар. 1844 жылы өмірге келген «Үш ноян» романы мен 1888 жылы басталған «Шерлок Холмстың басынан кешкендері» 4 повесть пен 56 әңгімеден тұрады. Бұлар трансмедиялық жобалар түрінде медиа нарықта әлі де өмір сүруде. Осы 2 туынды төңірегіндегі жаңа ашылған құпияларға (олар шын болсын, қиялдан туған болсын) бірнеше ұрпақ қызығушылығын жоғалтқан емес. Әлемде лондондық жеке детектив Шерлок Холмсты білмейтін адам, оның ешкім аңғара бермейтін ұсақ детальдарға қарап адамның кешегі мен бүгінгі өмірі туралы мол ақпарат айтып беретін қабілеті туралы білмейтін адамдар аз шығар.

Осылайша, атақты жазушы әдейі қалдырған жұмбақтар күні бүгінге дейін адамдарды өзіне тартып, қызықтырып отырады. Трансмедиялық технологияларды қолданушылардың көздеген басты мақсаты да – аудиторияны өзінің ықпалынан жібермей, оқиғаның ортасында ұстау.

Бүгінде ақпараттық дәуірдегі барлық әрекеттер жарнаманың ықпал ету шеңберінен шыға алмауда. «Жарнама – сауданың қозғалтқышы» деген афоризмнің авторы – XX ғасырдың басында Мәскеуде алғашқы жарнама қабылдайтын фирма ашқан Людовик Метцель деген ресейлік кәсіпкер деген жорамал бар (Shankar, A. and Goulding, C. (2001). Interpretive consumer research: two more contributions to theory and practice. *Qualitative Market Research: An International Journal*, 4 (1), pp. 7-16).

Біздерді қоршаған трансмедиялық технологиялар сияқты бүгінгі адам өмірін жарнамасыз елестете алмаймыз. Жарнама адамды шыр-мауықтай қоршап алған: көшеде үлкен баннерлер, телевизия мен радио, жарнамалық парақтарға толы үйіміздің пошта жәшіктері арқылы. Электронды поштамыз жарнамалық спамдардан босамаса, Интернет беттеріне жабысып алған баннерлер жүйкеге салмақ түсіреді. Осылайша адамның өмірі жарнамалық кеңістікте өгіп жатыр.

Трансмедиялық жобаларды жарнамалайтын формалар өте көп. Оның бәрі адамның санасына әсер етеді. Арнайы бағдарламалар арқылы Ин-

тернет қолданушыларға жаппай жарнамалық қысым жасалады.

Цифрлық дәуірдегі тиімді жарнамалық формаға продакт-плейсмент жатады. Продакт-плейсмент деп – жасырын жарнама тәсілін атайды. Бұл тәсіл фильмдерде, телевизиялық бағдарламаларда, компьютерлік ойындарда, бейне баяндарда, кітаптар мен газет-журналдарда жиі кездеседі (Dickert, S., & Slovic, P. (2009). *Attentional Mechanisms in the Generation of Sympathy. Judgment and Decision Making*, 4(4), 297-306).

Рейтингтік компаниялардың мәліметтеріне сүйенсек, жарнама берушілердің 63% продакт-плейсментті қолданады. Осы жарнама көлемінің 80% тележобаларға тиесілі екен.

Ең алғашқы продакт-плейсментті бейнелеу өнерінде қолданған пікірлер бар. Импрессионизм бағытының негізін қалаушы француз суретшісі Эдуард Маненің «Фоли-Бержердегі бар» атты картинасында продакт-плейсмент әдісін көреміз (Teixeira, Thales, Michel Wedel and Rik Pieters., 2010. «Moment-to-Moment Optimal Branding in TV Commercials: Preventing Avoidance by Pulsing», *Marketing Science*, 29 (5): p.783– 804).

Атақты суретшінің бұл картинасы 1882 жылы жазылған. Картинада даяшының алдында тұрған шынылардың ішінен сол кезде ең ірі сыра шығарушы компанияның өнімдерін көреміз. Анық танылатын қызыл үшбұрыш элементі бар шынылар үшін суретші продакт-плейсментті қолданып ақы алуы да мүмкін. Немесе Мане картинада шынайылық бояуын күшейту үшін осындай қадамға баруы да мүмкін ғой. Қайткенде де суретшіге түрткі болған себептің нақты сарын біз үшін белгісіз. Бірақ, сол жылдардың өзінде продакт-плейсмент тәсілі бейнелеу өнерінде қолданыла бастағанын көреміз. Бір қызығы, қызыл үшбұрыш формасындағы тауарлық белгі бүгінге дейін қолданылып келеді.

Кинофильмдердегі продакт-плейсменттің бір ерекшелігі – бір мәрте ғана ақы төленіп, тауарлардың жарнамасын экранда мәңгілік қалдыруға мүмкіндік бар. Бір рет төленген жарнамалық кампанияның ғұмыры шектеусіз болып, фильммен бірге өмір сүреді.

Екінші ерекшелікті цифрлық технологиялар ұсынады. Компьютерлік технологиялар продакт-плейсмент үшін мол мүмкіндік ұсына алады. Цифрлық монтаж бен компьютерлік графиканың көмегімен кинокадрде кездесетін брендтердің жазуын, таңбасын өзгертуге болады. Әр елдің ерекшелігіне байланысты продюсерлер продакт-



плейсменттің бір түрін екінші түріне алмастыра алады.

Трансмедиа теориясының негізін қалаушылардың бірі америкалық философ Генри Дженкинс. Оның трансмедианы жіктеуін трансмедиялық жобалардың классикалық үлгісі деуге болады. 2009 жылы Дженкинс трансмедианың басты сипаттарын ұсынды: жайылғыштық, үздіксіздік, сериялық, көрерменді оқиға әлеміне енгізу, өзіне тартатын «ғаламдық оқиға» идеясын табу, субъективтілік, аудиторияны қызықтыру (Jenkins, H., 2009. *The Revenge of the Origami Unicorn: Seven Principles of Transmedia Storytelling* – URL: [http://henryjenkins.org/2009/12/the\\_revenge\\_of\\_the\\_origami\\_uni.html](http://henryjenkins.org/2009/12/the_revenge_of_the_origami_uni.html)).

Қазірдің өзінде продюсерлер өз жобаларында Дженкинс айтқан трансмедианың 7 сипатына көңіл бөліп, ойын-сауық индустриясының болашағы трансмедиялық баяндау технологияларына тәуелді болатынын жақсы түсінуде. Бұл технология ғылыми және кәсіби ортада «трансмедиялық баяндау», «мультиплатформалық баяндау» немесе «жақсартылған баяндау» деп әртүрлі анықталып келеді. Әлі де бұл технологияны анықтауда бірізділік байқалмағанмен, оның продакшн бағытындағы өнімдер үшін маңызы бөлек екенін ғалымдар да, мамандар да мойындауда.

Генри Дженкинстің тұжырымын дамытқан жаңа медиаларды зерттеуші ғалым Джеффри Лонг трансмедиялық баяндауды 3 типке бөліп қарауды ұсынады.

Бірінші, «қатты» трансмедиялық баяндау. Бұл типке басынан бастап трансмедиялық технологияны қолдану жоспарланған жобалар жатқызылған.

Екінші, «жұмсақ» трансмедиялық баяндау. Басталып қойған жобада қосымша ретінде трансмедиялық баяндау қолданылады.

Үшінші, трансмедиялықтың ерекше түрі «ұзақ ойлануды қажет ететін» жобалар. Бұл жобаның авторлары бастапқыда өздері де байқамай трансмедиялық технологиялар үшін жобада ашық алаңдар қалдырып кейін трансмедиа тәсілдерін енгізуге шешім қабылдағандар. Осы типтерді түрлі кейстер арқылы зерттеген Джеффри Лонг өзінің трансмедиялық технологияларды қолдану әдістемесін ұсынған (Long, G.A. (2007). *Transmedia Storytelling – Business, Aesthetics and Production at the Jim Henson Company*. Master Thesis. Cambridge).

Трансмедиялық баяндаудың қандай формада, қандай салада тиімділік дәрежесі жоғары

болатынын анықтауда да оны компоненттерге бөліп, әрбір компонентті сараптау нәтижелі болады. Трансмедиялық коммуникацияның негізгі компоненттерін ажырату үшін маркетингтік теорияға жүгінгеніміз дұрыс. Дәстүрлі әдістемелерге сүйеніп, оларды өз талдауымызға бейімдей аламыз. Теориялық тұрғыда коммуникацияның тиімділігін анықтау үшін оның компоненттерін жіктеп, релеванттылығын талдау қажет.

Коммуникация – ақпараттық хабарламаны тарату процесі. Процестің сапалық дәрежесі – қабылдаушы мен жіберушінің түсіну деңгейлеріне байланысты. Екі жақтың да қабылдау мен түсіну деңгейлері жоғары болса, онда коммуникация табысты деп бағаланады. Яғни, коммуникациялық желілер арқылы таралған ақпарат өзінің адресатын тапсын десек ақпаратты жасаушының да, оны қабылдаушының да білім мен таным деңгейі қатарлас болуы шарт. Бұл тезисті жарнамалық коммуникацияға қатысты қолдансақ, онда бренд пен аудиторияның арасындағы коммуникация бір тілде жүруі тиіс деп айта аламыз.

Коммуникацияның объектісінің 5 компонентін трансмедиялық коммуникацияның ерекшеліктеріне қарай бейімдейтін болсақ төмендегі элементтердің жиынтығын аламыз:

- бренд – бұл тауар немесе қызмет көрсетуші компания немесе өндіруші. Жарнамалық хабарлама жасайды, тарататын каналды таңдап жібереді.

- код – жарнамалық хабарламаның форматы. Ол баспа түрінде, видео, фото немесе басқа мультимедиялық форматтар болуы мүмкін. Трансмедиялық коммуникация жағдайында код деп – бір жарнамалық науқанның ішінде бірнеше жарнамалық форматты айтамыз. Трансмедиялық баяндау функциясына хабарламаны барынша көп және әралуан форматтар арқылы жеткізу жатады.

- канал. Трансмедиялық жобалардың негізгі критерийлеріне көп-каналды болуын жатқызамыз. Жарнамалық науқанда бір-бірінен тәуелсіз бірнеше каналдар қолданылады.

- қабылдаушы – бұл брендтің мақсатты аудиториясы. Олар хабарламаны қабылдайды, мазмұнын сараптайды және кері байланыс орнатады. Трансмедиялық науқандарда дәл осы канал мен кодтар мақсатты аудиторияның сипатымен байланысты анықталады.

- «ақпараттық шуыл» – ақпараттың шамадан тыс көптігі аудиторияны дұрыс бағыттан адастырып, оның жауап беру қабілетін шектейді.



Ақпараттың көлемі ұлғайып, оған қолжетімділік өскен сайын, ақпарат – кеңістікті ауырлатып, құнсызданып аудиторияға жетпейді. Трансмедия технологиясын қолданудың тиімділігі «код» және «канал» сияқты 2 категорияда көрінеді, «бренд» және «аудитория» сияқты 2 объектімен анықталады. Трансмедиялық жобадары брендтердің категориялары мен аудиторияның сегментін айқындау және талдау – трансмедиялық баяндау форматының барлық артықшылықтары мен мүмкіндіктерін қолдануға жол ашады.

Трансмедиялық баяндаудың элементтеріндегі идея, продюсерлеу мәнері мен сценарийлік жұмыстардың сапасы жоғары дәлдікпен жасалуы шарт. Жарнамалық коммуникацияда идеядан басқа әрбір сөз, әрбір бейнекөрініс қымбат бағаланады. Телевизиядағы продакшнның ең басты активі – адамдар, ниеттестер командасы, олардың мыйы.

Әлемдік деңгейде трансмедиялық технологияларға деген қызығушылық жоғары. Бизнестің продакшн бағыты тарапынан трансмедияға үлкен үміт артылып келеді. Үлкен перспективасы бола тұра трансмедиялық технологиялардың теориялық негіздері әлі де ғылыми зерттеулерге зәру болып тұр. Трансмедия феноменіне ғалымдар соңғы 10-15 жылда көңіл бөліп келеді. Бұл құбылыстың анықтамалық аппараты түзілмеген. Бұны уақытша орын алған кемшілік деп қабылдаған жөн. Өйткені, трансмедия интерактивті ойын-сауықтың жаңа жанры ғана емес, трансмедия көңіл-көтеру индустриясын ұйымдастырушыларды ойландыратын да, әзірше, жұмбақ құбылыс.

Адам психологиясы өте күрделі зерттеулерді қажет ететін жұмбақ дүние. Қазіргі медиа саланы сараптаушы психологтар бүгінгі қоғам мүшелері мен 20-25 жыл бұрынғы қоғам адамдарының арасындағы бір айырмашылықты анықтаған. Егер бұрынғы қоғамдарда адамдар ақпаратты іздеп табушы «аңшылар» болса, бүгінгі адамдар ақпаратты жинаушы болып өзгерген (Long G.A., 2007; Dickert S. & Slovic P., 2009; Pratten R., 2011; Miller C.H., 2004).

Бұрынғы қоғамдарда неге адамдарды ақпаратты іздеуші «аңшылар» деп атаған? Өйткені, ақпарат аз болған. Ақпаратты іздеп, табу қиын болды. Қазіргі адамдар неге ақпаратты жинаушы деп сипатталады? Цифрлық технологиялар өте көп ақпарат ұсынады, оны табу, жинау еш қиындық тудырмайды. Бүгінгі аудитория әртүрлі коммуникация көздерінен өздерін қызықтырған ақпаратты кезіктіріп,

оларды жинақтап, толықтырып рахатқа бөленеді.

### Қорытынды және нәтижелер

Жаңа дәуірде ақпарат тұтынушы өте талғампаз. Оған фильмнің, музыканың немесе басқа продакшн өнімдердің аттарын ғана жазып, қысқаша жарнама беру жеткіліксіз. Олар сол өнімнің әрбір бөлшегін, ұсақ-түйегін, түсірілу алаңына үңіліп, бас кейіпкердің экраннан тыс өміріне қаныққысы келеді.

Егер продюсерлер көрерменнің талғамын қанағаттандыратын ақпаратты бөлшектеп, әртүрлі медиалар арқылы жүйелеп таратып отырса, аудитория өзінің алғысын білдіреді. Фильмнің немесе бейне үзінгінің таралу ауқымы өсіп, оның авторларына экономикалық жағынан үлкен табыс әкеледі. Осының бәрін жүйелеп жасау үшін де трансмедиялық баяндау технологиялары қажет. Сондықтан да, америкалық және батыс еуропалық медиа зерттеушілер трансмедиялық технологиялардың коммуникациялық ортада қолдану тиімділігін өсіру үшін оның теориялық негіздерін барынша толық жасауға күш салуда.

Ғылыми мақаланың басты нәтижелеріне мыналарды жатқызамыз: медиааралық стратегияларды зерттеу, коммуникациялық көріністердің ерекшеліктерімен танысуды отандық журналистика ғылымының басты мақсаты етіп қою қажет; трансмедиялық стратегияның маңыздылығын анықтау, трансмедиялық баяндау, коммуникациялық жүйенің еліміздің тұрақты дамуына тигізетін әсерін анықтауды ғылыми зерттеу ұйымдары мемлекеттік ақпараттық холдингтермен бірлесіп жүргізуі тиіс; жаңа коммуникативтік тәсілдерді қолданып, цифрлық технологиялардың тиімділігін зерттеуді, интерактивті медиалардағы коммуникациялар, олардың электоратқа әсері мен әлеуметтік аспектілерін ғылыми тұрғыда саралауды мемлекеттік тапсырыс есебінен ғылыми орталықтарға жүктеген орынды; бұқаралық коммуникациялар мен жаңа медиалардағы трансмедиялық технологияларды қолдану ерекшеліктерін анықтаудың маңызын отандық медиа менеджментіне түсіндіру қажет.

Мақаланың құндылығы – мақалада халықаралық деңгейдегі медиа саласы мамандарының трансмедия, трансмедиялық сторителлинг сияқты ұғымдар туралы анықтамалары талданып, қорытылып, Қазақстанның ақпараттық-коммуникациялық даму кезеңдеріне қатысты жүйелі сараптаулар жасалған. Жаңа медиа мен

ақпараттық коммуникация мәселелері, медиа, коммуникациялық тұжырымдар туралы ұғымдар, жаңа медиа бойынша ғылыми дефинициялар, жалпы түсініктер берілген. Сонымен бірге, ақпараттық коммуникативтік ғылымдардың дамуындағы күрделі процестерді талдап, ой-тұжырымдар жасауға қажетті теориялық негіздер ұсынылған.

### Әдебиеттер

- Ataman, M. Berk, Carl F. Mela, and Harald J. Van Heerde. (2008). «Building Brands». *Marketing Science* 27.6: 1036-1054.
- Burns, Kelli S. (2017). *Social Media: A Reference Handbook*. Santa Barbara, CA: ABC-CLIO. ISBN 978-1-4408-4355-6.
- Chandon, Pierre, J. Wesley Hutchinson, Eric T. Bradlow, and Scott H. Young. (2009). «Does In-Store Marketing Work? Effects of the Number and Position of Shelf Facings on Brand Attention and Evaluation at the Point of Purchase». *Journal of Marketing* 73: 1-17.
- Dickert, S., & Slovic, P. (2009). *Attentional Mechanisms in the Generation of Sympathy*. *Judgment and Decision Making*, 4(4), 297-306.
- Donig G.A. (2005). *Transmedia Storytelling – aesthetics and production at the Jim Henson Company*. Master Thesis. Cambridge.
- Eastwood, John D., Smilek, D., & Merikle, P. (2001). *Differential Attentional Guidance by Unattended Faces Expressing Positive and Negative Emotion*. *Perception & Psychophysics*, 63(6), 1004-1013.
- Eira Jones, Ruth. (2013). *Change the Story... Change the World: Transmedia Storytelling for Transformation*. London: London South Bank University.
- Farris, Paul W., and Douglas C. West. (2007). «A Fresh View of the Advertising Budget Process». in *The SAGE Handbook of Advertising*, ed. Gerard J. Tellis and Tim Ambler. London: SAGE: 316-333.
- Gambarato, R. (2017). *Transmedia Project Design: Theoretical and Analytical Considerations* / R. Gambarato // *Baltic Screen Media review*: Vol.1. – p.84-85.
- Gazzaniga, Michael S. (1989). *The Social Brain: Discovering the Networks of the Mind*. New York, NY: Basic Books.
- Jenkins, H. (2003). *Transmedia Storytelling* / H. Jenkins // «MIT Technology Review». –Available at: <https://www.technologyreview.com/s/401760/transmedia-storytelling/> (accessed: 21.03.16).
- Jenkins, H. (2006). *Convergence Culture*. New York, NY: New York University Press, USA. 308 p.
- Jenkins, H. (2009). *The Revenge of the Origami Unicorn: Seven Principles of Transmedia Storytelling* – URL: [http://henryjenkins.org/2009/12/the\\_revenge\\_of\\_the\\_origami\\_uni.html](http://henryjenkins.org/2009/12/the_revenge_of_the_origami_uni.html) (дата обращения: 17.04.2017).
- Lambert, J. (2003) *Digital Storytelling Cookbook and Travelling Companion* version, Digital Diner Press. p. 9-19.
- Long, G.A. (2007). *Transmedia Storytelling – Business, Aesthetics and Production at the Jim Henson Company*. Master Thesis. Cambridge.
- Miller C.H. (2004). *Digital storytelling: A creator's guide to digital entertainment*. Amsterdam: Focal Press, 453 p.
- Norman, Kent L. (2017). *Cyberpsychology: An Introduction to Human-Computer Interaction*. United Kingdom: Cambridge University Press. ISBN 978-1-107-10254-5.
